

54 1/2 037  
214 → 015

Құрманбек  
САҒЫНДЫҚОВ

# ЖАС батыр бейнесі



“Қазақстан”

ББК 84 Қаз 7-44  
С 14

Редакторы *Р. Рахымбеков*

**С 14 Сағындықов Құрманбек. Хас батыр бейнесі: – Алматы, ЖШС Қазақстан баспа үйі”, 2000.– 96 бет.**

Қазақ журналистикасының ардагерлерінің бірі Құрманбек Сағындықовтың (1910–1988) сан салалы шығармашылық мол мұрасының ішінде оның әскери публицистикасы айрықша орын алады. Қолыңыздағы бұл кітапқа майдангер қаламгердің сұрапыл соғыс жылдарында өзі қатысқан, куәгері болған қанды шайқастар хақындағы жазбалары, М. В. Панфилов, Б. Момышұлы, М. Ғабдуллин, А. Л. Мұхамедьяров, Б. Жетпісбаев, Т. Өбдібеков, Ө. Нүсіпбаев және т.б. сынды аты аңызға айналған хас батырлар туралы естелік толғаныстары енгізілген.

Кітаптың бүгінгі жас ұрпаққа, ел қорғаны – жас жауынгерлерге айтар ғибраты, берер тағлымы көп.

С  $\frac{4702250201 - 14}{401(05) - 2000}$  құлақтандырусыз, 2000

ISBN 5-615-01859-3

ББК 84 Қаз 7-44

© ЖШС “Қазақстан” баспа үйі

## ГВАРДИЯ ГЕНЕРАЛЫ

Елімізге қатерлі қауіп төнген шақта, 1941 жылдың күзінде, Алматыда жасақталған 316-ыншы атқыштар дивизиясының командирі болып тағайындалған, байырғы әскери қайраткер. Отан соғысының ең қиын-қыстау кезеңінде, сүйікті астанамыз Москваны неміс-фашист басқыншыларынан қорғағанда тамаша талантпен, асқан қолбасшылық өнерімен өшпес даңққа бөленген генерал Иван Васильевич Панфилов 1893 жылғы 1 январьда Саратов губерниясындағы Петровск қаласында қарапайым кеңсе қызметшісінің семьясында туып, жоқшылық пен таршылықтың азабын көріп өскен адам. Есейген шағында ескілікті армияда қатардағы солдат болып қызмет атқарған.

Октябрь революциясынан кейін И. В. Панфилов Қызыл Армияның қатарына өз еркімен кіріп, шет ел интервенциясы мен ішкі контрреволюцияға қарсы күреске белсене қатысқан.

1921-1923 жылдары, Киев әскери мектебінің курсанты болып жүрген кезінде, ол большевиктік партияның қатарына өткен.

1924 жылғы декабрьден бастап И. В. Панфилов Түркістан өлкесінде әскери қызметте болды. Ол полк мектебінің бастығы, Памир шекара отрядында рота командирі, Чарджоу қаласында батальон командирі, Ош қаласында дербес батальонның командирі болған.

ұрыс майданындағы әскери машық тұсында да қарамағындағыларға былайша ақыл айтатын:

– Әрбір командир, әрбір жауынгер ұрыста тапқырлық көрсетіп, батыл да шебер қимылдауға тиіс. Мұнда ең басты шарт – ұйымшылдық пен төртіптілік... Соғыста адам шығыны болмай тұрмайды. Соғыста адам қазаға ұшырайды немесе жараланады. Осыны біле-тұра өркім, өзінің Отан алдындағы қасиетті борышын өтеу үшін, жаумен шайқасады. Ұрыста бізге әрбір жауынгердің өмірі қымбат. Сондықтан қорғаныста да, шабуылда да бір-бірінді батыл шебер қорғай біліндер. Солдат ұрысқа кіргенде өлу үшін емес, өмір сүру үшін шайқасады, – деп үйрететін генерал. – Дұшпанның атакасын тек оқпен ғана тойтаруға болады, солдаттың өмірін тек оқпен ғана сақтап қалуға болады. Солдаттың бекінген шебі мықты болмаса, қаруы сай, өрі мүлтіксіз болмаса, ол тірі нысанаға айналады.

Осыған байланысты генерал әскер бөлімдері мен бөлімшелерін, олардың командирлері мен жауынгерлерін әрқашан ұрысқа сакадай сайланып, өзір тұруға үйретті, қарсы алдындағы жау жөнінде дәлме-дәл мөлімет жинау үшін ұдайы барлау жүргізіп, дұшпанның әрбір қимылын бақылап отыруға баулыды.

И.В.Панфиловтің тікелей нұсқауы бойынша дивизия бөлімшелері жоспарлап, жүргізген алғашқы ұрыстардың жауынгерлерді машықтандырып, шындай түсу үшін зор маңызды болды.

Аға лейтенант Бауыржан Момышұлы басқаратын батальонда жасақталған отряд аға лейтенант Хаби Рахимов пен политрук Жалмұхамед Бозжановтың жетекшілігімен түн ортасында Середа селосындағы дұшпанға тұтқиылдан шабуыл жасап, бірнеше фашисті өлтірді, жаудың

қоймаларын өртеп, селоның шетіне миналарын құрып, аман-сау қайтып оралды. Отряд қолға түсірген тұтқындардың берген мәліметі жаудың ой-ниетін генералдың дәл анықтап, дивизия бөлімдерінің ұрыс жоспарларына тиісті түзетулер енгізуіне көмектесті. Атап айтқанда, полковник Капровтың бөлімі орналасқан өңірде қосымша бір мың екі жүз мина орнатылды, ұзындығы төрт километр ор қазылып, танкке қарсы кедергілер жасалды.

Ұрыс басталған кезде генерал Панфилов бір топ штаб қызметкерлерімен бірге осы полктің қимылына қолма-қол басшылық жасап отырды.

Дивизия штабы мен саясат бөлімінің сол кездегі ақпарларына сәйкес әр тарапта мынадай ұрыстар жүргізілді:

Булычев совхозының маңында аға лейтенант Маслов басқарған алтыншы атқыштар ротасы және кіші лейтенант Снегин бастаған артиллериялық дивизион екі тәулік бойы жаудың екі батальон жаяу әскері мен танкілерінің өршелене жасаған шабуылын тойтарып болды. Жауынгер Тілеуқабылов танкке қарсы қолданылатын гранаталарымен жанармайлы шөлмектерімен жаудың үш танкін қиратып, өртеді. Зеңбірекші жауынгер Терехов өз қаруынан дәлдеп атып, фашистердің үш танкін қиратты. батырдың өзі мерт болды. Полк комсомолының жетекшісі Балтабек Жетпісбаев гранаталар шумағымен бір танкті құртты.

Бұл кезде жаудың қоршауында қалған басқа құрамалар мен бөлімдердің жауынгерлері топ-тобымен және жеке-дара жаудың тізбегінен сытылып шығып, панфиловшыларға келіп қосылып жатқан-ды. Майор Елиннің полкіне қарасты батальон командирі аға лейтенант Бауыржан

Момышұлы “қоршаулықтарды” өз бөлімшесіне алудан үзілді-кесілді бастартқан-ды.

Мұны естіген генерал Бауыржанға мынадай аталы сөз айтады:

– Топ-тобымен немесе жеке-дара бізге келіп жатқан жауынгерлер кімдер? Шын мәнісінде өз адамдарымыз... Бұлар адал адамдар, жолдас Момышұлы, ал бізге келіп жатқан себебі, жаудың арасында қалғылары келмейді. Бізге қайтадан жауынгерлік сапқа тұру үшін келіп жатыр. Бұлар – соғыстан қашушылар емес, қайта соғысқысы келетіндер, біздің жеңіп шығатындығымызға көміл сенетіндер.

Өзі басқарған батальон жүргізген ұрыстар жайында генералға мәлімдегенде Момышұлы өз қарамағындығы екі лейтенанттың – Донских пен Брудныйдың – екі түрлі мінез көрсеткенін айтады. Біріншісі, лейтенант Донских, ауыр жараланса да, ұрыс майданынан кетпей, өз жауынгерлерін басқарумен болған. Ал екіншісі, лейтенант Брудный, шабуыл жасаушы фашистерден жасқанып, батальон командирінің рұқсатынсыз өз бетінше шегініп кеткен. Бұл үшін оны Момышұлы қатты жазалаған: атағынан айырып, қатардағы жауынгер еткен. Ұзамай, келесі ұрыста Брудный асқан ерлік көрсетіп, бір өзі бесалты фашисті жайратып, олардың қару-жарағын алып қайтқан.

Осыған байланысты генерал былай депті:

– Талапшылдық пен мейірімсіздік – екі түрлі ұғымдар. Солдат жөніндегі талапшылдық заңмен тең. Ал мейірімсіздік дегеніміз – заңсыздық... Тегінде, – дейді генерал біраз ойланып отырып: – бір есептен сіздікі де дұрыс... Соғыста бұл екі ұғымның шатастырыла беретіні бар. Мұнымен де санаспай болмайды... Үзілді ке-

сілді қимылдауды қажет ететін соғыста өрекеттің қайсысы дұрыс, қайсысы теріс деп сарапқа салып жату мүмкін емес. Дегенмен, сізге айтарым, соғыста да талғампаздық, сарапшылдық қабілетінен мүлде айырылып қалуға болмайды, өкетайым.

– Сонда менің қателігім қайсы, жолдас генерал? – деп сұрайды Бауыржан.

– Сіздің қателігіңіз сол, – деп жауап қайырады Панфилов, – лейтенант Брудныйдың жақты болғанында дау жоқ, бірақ сіз оны қуып жібергеннен кейін ол көзсіз ерлік жасап, жаудың тобына жалғыз өзі ойран салып, бірнеше фашисті құртып, қару-жарағын олжалап, өз бөлімшесіне қайта оралды ғой. Сіз осыған орай көзқарасыңызды өзгертіп, оның біраз кінасын кешіруге тиісті едіңіз. Бірақ сіз оны қайда кетсең де, тіпті неміске барсаң да еркін деп қуып жібергеннен кейін, ол қапелімде қаза тапса, тіпті ең жаманы, опасыздық жасап, жауға берілсе, кіналының кіналысы өзіңіз болар едіңіз ғой. Сондықтан менің сізге айтарым, лейтенант Брудныйды бұрынғы қызметіне қайта альп, өз жауынгерлері алдында оны кінасынан аршып алыңыз. Ал тегінде, – дейді генерал әрбір сөзін баптап, – ерекше қажеттігі болмайынша командирді ауыстырмау керек. Өйткені әрбір жауынгер өз командиріне, өз жолдастарына бауыр басып қалады, ал соғыс кезінде мұндай қарым қатынас өте қымбат...

Москва үшін болған сұрапыл шайқас кезінде даңқты 28 гвардияшы батыр шыңдалып шыққан полктің комиссары болған, кейін дивизия саяси бөлімінің бастығы қызметіне жоғарылатылған гвардия полковнигі Ахмеджан Латыпұлы Мұхамедьяров өзінің “Партия сөзінің күші”

деген естелігінде (“Қазақстан коммунисті” журналының 1970 жылғы 5-інші номерінде) былай деп жазады:

“Азамат соғысының батыры, Совет өкіметі жолындағы күрестің от-жалынынан өткен чапаевшыл жауынгер, дарынды әскери басшы Иван Васильевич Панфилов партия сөзінің құдіретті күшін жақсы түсініп, әрбір жауынгердің жүрегіне жол таба білді.

Дивизия құрыла бастаған күндерден бастап Панфилов партия, комсомол ұйымдарының жұмысына өз тарапынан ерекше назар аударып отырды. Бөлімшелерде, алдыңғы шепте, траншеяларда болған кезінде Иван Васильевич қорғаныс пен шабуылды ұйымдастыру мәселелеріне де, партиялық-саяси жұмыстың жолға қойылуына да күнбе-күн басшылық жасады, партия, комсомол ұйымдарының жетекшілерімен өңгімелесіп, оларға жауынгер тәрбиесі жайында нақты ақыл-кәнес айтумен болды.

Бірде генерал Волоколамск түбінде тұрған полковник Капровтың полкіне келіп, рота политругі Никифоровтың жауынгерлермен өткізген өңгімесіне қатысқанды. Ол рота саяси жетекшісінің өңгімесі жалпылама екенін, мұны қазіргі көкейтесті мәселелерге арнап, жауынгерлерге күшті өсер етерліктей білгірлікпен, шабытпен жүргізу керек екенін ескертті. Кейін оның өзі сол полктегі бөлімшелер партия ұйымдарының секретарларымен кездесіп, оларға былай деді:

– Сіздер жауынгерлер алдында партия өкілдері ретінде, сол партия атынан сөйлейсіздер. Сондықтан оларға шындықты, тек қана шындықты айту керек. Жаудың сәтті өрекеті мен жеңістерінің, біздің уақытша сәтсіздіктеріміздің себептерін ешбір бүкпесіз ашып айтуымыз ке-



рек. Солдаттың көкірегіне ұялған дұдамал мәселелері мен сұрақтарына әрдайым нақты да айқын жауап беру – бірінші парыз. Партия сөзі тек сонда ғана пәрменді болмақ.

Екінші жолы, 1941 жылғы ноябрьде, ұрыс сәл саябырлаған сәтте, полкке келген генерал әскери бөлім коммунистерінің жиналысы болғалы жатқанын естіп, онда талқыланатын мәселелердің мазмұнымен таныса келіп, мынадай кеңес берді: өткен ұрыста полк штабының бастығы Манаенконың, батальон командирі Райкиннің, взвод командирі Какулияның, қатардағы жауынгер Тілеуқабыловтың және басқалардың ерен ерлігін полктің адамдары түгел білуге тиіс, сонымен қатар қазіргі көзі тірілерді, атап айтқанда Гундилович, Маслов, Ветков, Семибаламут сынды командирлердің, Ғабдуллин, Жетпісбаев, Клочков, Мусин сияқты саяси қызметкерлердің ұрыста басқаларға үлгі-өнеге болғанын әркім естіп білсін, қысқасы, ешқандай ерлік іс елеусіз қалмасын, – деді Панфилов. – Сонымен қатар, – деп өз ойын жалғастырды Иван Васильевич, – әрбір жауынгердің, командирдің, саяси қызметкердің санасына мына қағиданы берік ұялату қажет: жауды қара дүрсін күшпен емес, ақыл-айламен, шеберлікпен жеңуге болады. Полктің, дивизияның тамаша дәстүрлерін жалғастыра, ұластыра беру қажет. Бүкіл дивизия сияқты, сіздің полк те көп ұлттың өкілдерінен құралған айбынды интернационалдық тұлға. Сондықтан саябыр кезінде де, ұрыс болар алдында да жауынгерлерді халықтар достығы мен социалистік интернационализм рухында тынбастан тәрбиелей беру керек. Бұл ретте жауынгерлердің өзара ынтымағы мен қолғабыс көмегі жеңіске жетудің аса маңызды шарты мен кепілі болмақ.

Айбынды большевик, ардагер азамат, абзал жан, ақылгөй тәрбиеші, қажырлы қолбасшы Иван Васильевич Панфиловтың ақыл-кеңесі біздің жауынгерлер арасында саяси-тәрбие жұмысын пәрменді де нәтижелі жүргізуімізге көмектесіп отырды. Осыған байланысты айта кету керек, әскери бөлімдер мен бөлімшелердің саяси қызметкерлері ғана емес, партия және комсомол ұйымдарының жетекшілері ғана емес, сонымен қатар командирлері де өздерінің тікелей міндеттерімен шектеліп қалмай, тәрбие жұмысын да ойдағыдай жүргізіп келеді.

Жауынгерлерді ұрыс тәсілдеріне машықтандыру мен саяси жұмыстың осылайша ұштастырылып отыруы біздің бөлімдер мен бөлімшелердің бақайшағына дейін қаруланған сұм жауға асқан қажырлықпен, жалынды жігерімен, шексіз жанқиярлықпен қарсы тұруына, ақырында оны отанымыздың астанасы Москваның маңынан кейін қарай ығыстыра қуып тастауына мүмкіндік береді.

1941 жылғы 26-27 октябрьде дивизия бөлімдері Волоколамск қаласы үшін жаумен кескілескен ұрыс жүргізді. Гитлершілдер біздің дивизияға қарсы төрт жаяу әскер полкін және жүзден астам танкін жұмсағанды. Олар дивизияның бекінісін артиллериясынан тынымсыз атқылап, самолеттерінен қайта-қайта бомбалаумен болды.

Генерал Панфилов өзінің жәрдемші тобымен бірге ұдайы шайқастың басты бағытында болып, оның барысына тиісінше ықпал жасап отырды: әр бөлімшедегі жағдайды, ұрыстың барысы мен бағдарын анықтады, ең осал жерлерге өз резервінен көмекке қосымша күш жіберді, көрші құрамалармен қарым-қатынас орнатты, алдыңғы шептегі бөлімдер мен бөлімшелерді азық-түлік-

пен және қару-жарақпен кідіріссіз қамтамасыз етіп отыруға тылдағы бөлімшелерді жұмылдырды. Әскерлердің ұрыстағы қимылын ұдайы қадағалап, оған жөн сілттеп отыру үшін байланыс құралдарының жұмысын жақсартты, ұрыс майданындағы жағдайды армия қолбасшысына ауық-ауық мәлімдеп тұрды...

Октябрьдің аяқ шенінде Волоколамск қаласының маңында болған кескілескен ұрыстар жөнінде “Ұлы Отан соғысының тарихында” былай делінген: “Волоколамск түбінде генерал-майор И. В. Панфилов басқарған 316-ыншы атқыштар дивизиясы, полковник С. И. Младенцев басқарған курсанттар полкі және танкке қарсы қолданылатын артиллериялық полктер айрықша көзге түсті. Осы бөлімдердің жауынгерлері дұшпанның үш жаяу әскер дивизиясы мен екі танк дивизиясының үздіксіз шабуылын жеті күн ұдайы тойтарымен болып, Волоколамск ауданын қорғап тұрды. Бұл ретте олар жаудың 80 танкін және бірнеше жаяу әскер батальонын жойып жіберді”.

Совет Одағының Маршалы К. К. Рокоссовский “Москва стратегиялық бағытында” деген еңбегінде былай деп жазды: “Волоколамск бағыты ұзақ, үздіксіз, кескілескен шайқастардың аймағы ретінде есте қалды. Армиямыздың жауынгерлері мұнда асқан ерлік, табандылық көрсетті. Әсіресе 316-ыншы атқыштар дивизиясының полктері өшпес даңққа бөленді”.

Армия Әскери Советінің мүшесі генерал А. А. Лобачев өзінің “Қысылтаяң жолмен” деген кітабында сол күндерді еске түсіре келіп, былай деп жазады: “316-ыншы дивизия бізде небәрі бір апта ғана соғысты, бірақ қалай соғысты десеніңші! Тіпті әл жетпестей көрінген ең ауыр міндетті

де панфиловшылдар өсте асып-саспастан, қиыншылыққа налымастан, сабырлылықпен орындап келді”.

Ал “Известия” газетінің 1941 жылғы 5 ноябрьдегі номерінен мынадай хабарды оқимыз: “Панфиловтың жауынгерлері мен командирлері шын мәнісінде қаһармандықпен шайқасуды. Сан жағынан күші анағұрлым басым бола тұрса да жау тәулігіне ең мықтағанда бір жарым километр ғана алға жылжыды. Бірақ осының өзі де оған аса қымбатқа түсіп отырды: дәл мағынасында жер бетіне фашист солдаттарының қаны судай ақты”.

Дегенмен біздің әскерлер Волоколамск қаласын лажсыз қалдырып кетті. Ал мұның өзі біз үшін, өрине, жанға батырлық жағдай еді. Біздің әскерлердің қажырлығы мен табандылығы арқасында бүкіл батыс майданында дұшпанның шабуылы көп ұзамай тоқтатылды. Бірақ дұшпан бұрынғысынша Москваны тез арада жаулап алу ниетін көздеуде еді. Сондықтан гитлершілдер жаңа жойқын шабуылға жанталаса әзірленумен болды. Генерал Рокоссовский басқаратын 16-армияға қарсы бес жаяу әскер, екі моторландырылған, алты танк дивизиясы шоғырландырылды. Бұларда 400 танк, 1030 зеңбірек пен миномет болатын.

Бұрын жорамалданғанындай, гитлершілдер 1941 жылғы 16 ноябрь күні, елен-алаңда шабуылға көшті. 316-ыншы дивизияның қорғаныс шебіне дұшпанның екі жаяу әскер дивизиясы, екі танк дивизиясы лап қойды, бұларды жаудың түйдектеген артиллериясы мен авиациясы қолдаумен болды. Гитлершілдердің шабуылы Волоколамск-Москва темір жолы бойымен полковник Капровтың полкіне қарсы және

Волокаламск тасжолы бойымен майор Елиннің полкіне қарсы өрістетілді.

Бұл күндері шабуыл жасаушы фашистік қаныпезерлерге қарсы кескілескен ұрыстарда панфиловшылдар жаппай ерліктің, жанқиярлық пен табандылықтың тамаша үлгілерін көрсетті.

Лейтенант Березиннің саперлері өзен үстінен салынған үлкен көпірдің бірнеше жеріне дүмпуі күшті миналар орнатқанды. Жау танктерінің коллоннасы, бұларға ілесе жортқан фашистік әскерлер легі көпір арқылы өте бастаған сәтте олар өлгі миналарды бір мезгілде жарып, көпірдің тас-талқанын шығарды, сөйтіп, фашистердің көпір үстіндегі әскерлерін де, техникасын да мүрдем кетірді. Біздің он бір сапер де түгел мерт болды.

Лейтенант Угрюмов пен политрук Георгиев бастаған бөлімшенің жауынгерлері 16 ноябрь күні шумақты гранаталарымен және жанармайлы шөлмектерімен жаудың 20 танкін қиратып, өртеп жіберді, ондаған солдаты мен офицерін жер жастандырды.

Лейтенант Ысламқұлов (“С.Қ.” газетінің бұрынғы жауапты қызметкері) бастаған бір топ жауынгер біздің бір бөлімшені ту сыртынан қоршап алмақшы болған қырық-елу фашисті винтовкаларынан бір мезгілде дүркіндете оқ атып, қырып салды. Сөйтіп жаудың біздің бөлімшеге тылдан соққы бермек болған ниеті іске аспай қалды.

Дубосеково разъезінде қорғаныс шебіне бекінген бір топ жауынгер фашистердің шабуылға шығуын еліре күтуде еді. Бұларға ротаның саяси жетекшісі политрук Клочков осыдан сәл ғана бұрын келіп қосылғанды. Разъезд маңы өзірше аман болатын. Бірақ айналадағы ұрыс жаңғырығы бірден бірге ұласа түсті. Жау танктері мен

біздің артиллерияның жекпе-жек атысы үдей бастады. Біздің зенбіректердің төтелеп атқан снарядтарынан жаудың бірнеше танкі қирады. Біздің жақтан да шығын болды. Әсіресе жау авиациясының бірнеше дүркін шабуылынан кейін біздің артиллерияның күші әлсірей бастаған еді.

Осы сәтте Клочков дауыстап бұйрық берді:

– Орындарына барып бекініндер, гранаталарың мен өртегіш шөлмектерінді сайлап алындар! Біздің сертіміз – бір адым да кейін шегінбеу!

Дәл осы сәтте жаудың елуден астам танкі біздің шепке қарай жөңкіп келе жатқанды. Клочков бір жауынгерден кейін екіншісіне барып, олардың көңіліне берік сенім ұялатумен болды:

– Өрқайсысымызға екі танктен келеді екен. Бұл онша көп емес. Тек сен оны жақын жіберіп алып жайрат.

– Дәл солай жолдас политрук! Біреуін мына шумақпен құртамын, екіншісін мына шөлмекпен өртеyimін! – дейді жауынгер.

– Айтқаның келсін! – деп Клочков оның қолын қысады.

Ұзамай біздің жауынгерлердің сауытты машиналармен жекпе-жегі басталды. Жау машиналары траншеядан сексен-жүз метр қашықтықта келе жатқан кезде жауынгерлер танктердің қарауыш санлауларын көздеп атты: кейбір машиналардың кібіртіктеп қалғанына қарап, жүргізушілерінің зақымданғанын аңдауға болатын еді. Бірақ танктердің көпшілігі траншеяларға жетіп те қалды, енді тірі жанның бәрін темір табанымен таптап тастауға да өзiр. Сол арада бір жауынгер орнынан ұшып тұрып, бір танктің астына жанармайлы шөлмекті лақтырғанда, машина лапылдап өртене бастады. Бірнеше оқ тиіп, жараланған жауынгер де траншеяға құлап түсті.

Ключковтың өзі де қатты жараланған еді. Бойына ақтық күшін жинап, орнынан ұшып тұрған политрук жауынгерлерге жалынды ұран тастады:

– Россия ұлан-байтақ, бірақ шегінер жер жоқ – сыртымызда Москва! – деді де қолындағы гранатасымен таяудағы танкті қиратты. Басқа жауынгерлер де өз жетекшісінің үлгісімен бүкіл әлемде аңызға айналған ерлік істі ұластырып өкетті...

Дубосеково разъезін қорғаған 28 батыр осылай мерт болды. Бірақ зұлым жауды ілгері бастырған жоқ олар...

Сонымен, 1941 жылғы ноябрь күндерінде Отанымыздың астанасы Москваға баратын Волоколамск тас жолын қорғаған дивизияның жағдайы өте ауыр еді. Панфиловшылар қорғаған осынау аса маңызды стратегиялық өңірге гитлершілдер екі жаяу әскер дивизиясы мен екі танк дивизиясын түйдектеп жұмсаған ды. Дұшпан біздің қорғаныс шебімізді бірнеше жерден бұзып өтіп, тіке Москваға қарай ұмтылуға әрекеттенді. Генерал Панфилов, оның штабы, полктердің командирлері жедел маневрлер жасап, ұрымтал жерлерге резервтер жіберіп, қысылшан халдегі роталар мен батальондарды құтқарып алып, жаңа учаскелерде қорғаныс шебін ұйымдастырды.

Ардақты астанамызды жаудан қорғап қалу жолындағы сұрапыл шайқас ақтық шегіне жеткен мезгілде, 1941 жылғы 17 ноябрьде СССР Жоғарғы Советі Президиумының указы бойынша дивизия Қызыл Ту орденімен наградталды, неміс-фашист әскерлеріне қарсы кескілескен ұрыстарда жауынгерлері мен командирлерінің ерен ерлік, асқан әскери шеберлік көрсеткені үшін құрама 8-інші гвардиялық атқыштар дивизиясы болып қайта құрылды.

37255  
Майдан өңіріндегі жағдай өте ауыр, қысыл-  
шаң бола тұрса да, генерал бұл күндері өте ши-  
рақы да көңілді қалыпта еді. Совет үкіметінің  
ресми хабарында айтылған жылы лебізге орай  
және көп ұзамай дивизияның Қызыл Ту ордені-  
мен наградталып, оған гвардия атағы берілуіне  
байланысты өзінің үзеңгілестері мен серіктері  
құттықтай бастағанда Иван Васильевич оларға  
былайша жауап қайырған: “Жалғыз адам май-  
данда қаһарман болмас деген. Көршілеріміздің  
қолғабыс көмегі арқасында гвардиялық атаққа  
ие болып отырмыз. Бұл сыйды ақтай білуіміз  
керек, өйткені атақ пен орден бізге осындай се-  
німмен берілген...” Алдыңғы шептегілермен ха-  
барласқанда генерал ежелгісінше үзілді-кесілді,  
тұжырымды пікірлер айтып отырды: “Бәрін де  
өзіңізбен келіскеніміздей істеңіз. Ештеңені өзгер-  
туші болмаңыз... Мен баршаның мүддесі үшін  
осылай етіп отырмын. Қиналмай жатқан ешкім  
жоқ. Шыдап бағу керек. Көршіңе налыма, қайта  
онымен ынтымақтаса, иін тірсе, қол ұстаса қи-  
мылдай біл... Керегенізді мөлiмденiз, бiрер нәрсе  
берерміз... Жауынгерлердің қарны тоқ па? Жа-  
ралыларды тылға жөнелттіңіз бе?”

Біздің дивизия штабы орналасқан Гусеново  
деревнясын фашистер артиллериясы мен мино-  
меттерінен атқылай бастаған кезде Панфилов:

– Енді бізді неміс те құттықтауға кірісті, – деп  
өзіл айтады. Бұл сөзге ол мұртын күзетіп, сақа-  
лын қырғызып отырған екен.

– Гвардияшы әрқашан мұнтаздай болып жү-  
руге тиіс. Тек мына өжімді көрмеймісін, көбей-  
месе азаяр емес. Гвардияшылар командирінің де  
көрнекті болғаны ләзім ғой.

Бұдан кейін Панфилов дивизия артиллерия-  
сының бастығы полковник Марковқа қарап, бы-  
лай деді:



– Виталий Иванович, – мен сізге қызғылықты оқиғаны айтып бермекшімін.

– Құлағым сізде, Иван Васильевич.

– Бірде жолым түсіп, Елиннің бөлімінде алдыңғы шепке тап болғаным бар. Окопта бір бөлімше түгел бас қосыпты. Амандасқаннан кейін: “Халдерің қалай, жолдастар?” деп сұрадым. Жауынгерлер әлде неліктен тұнжыраңқы екен, ешқайсысы үн қатқан жоқ. Мен сұрағымды қайталадым. Бөлімше командирі, сержант етігінің тұмсығымен топырақты түрткілеп, басын көтерді де, маған тесіле қарап, тіл қатты:

– Біздің көңіл күйімізді білгіңіз келсе, шынын айтуға рұқсат етіңіз, жолдас генерал.

– Иә, иә, шынын айтыңыз, – дедім мен.

– Көңіл күйіміз мәз емес, жолдас генерал!

– Неліктен?

– Окопта отырып, фашист бізге қашан тиісер екен деп күте-күте әбден жалығып біттік.

– Жалыққанымыз рас, жолдас генерал, – деп қостады екінші жауынгер. – Бір бекіністен соң екіншісін қалдырып, қашанға дейін шегіне бермекпіз!

– Бұларың не... – деп майор Елин өңгімені тежемекші болып еді, мен ишаратпен оны тоқтатып тастадым.

– Дұрысын, әділін айтып отырсындар, жолдастар. Баяндай беріндер!

– Баяндап жататын не бар, жолдас генерал, – деді сержант күмілжіп, – егер орынсыз бірдене айтқан болсақ, кешіріңіз.

Бар өңгіме осымен тынды. Шынымды айтсам. өзім сөл қысылып та қалдым. Бір өкінішті жері, сержанттың да, қызыләскердің де фамилияларын сұрамаппын.

– Неге сұрамадыңыз, Иван Васильевич?

– Жазалар деп ойлап қала ма деп қауіптендім.. Мен тәжірибесі аз генералмын ғой. Виталий Иванович. Генерал атағында соғысып жүргенім осы, ал империалистік соғыс кезіндегі қатардағы солдат, ефрейтор, кіші унтер-офицер, фельдфебель ретінде, ал азамат соғыс кезіндегі взвод және рота командирі ретінде тәжірибе алғаным рас. Мен бастан кешірген ұрыс көп-ақ! Ақ поляктар, Деникин, Врангель, Колчак... Сәл елігінкіреп кетіпін ғой, – деді генерал, – дегенмен кейде жүріп өткен жолыңды шолып шығып, пікір қорытқан да теріс емес... Қызыләскерлер, кіші командирлер, взводтар мен роталардың командирлері – нағыз өнерпаз өрендер, ұрыс майданының майталмандары. Бетпе-бет ұрыста жеңісті шындайтындар нақ осылар ғой. Жалпы ұрыс жоспарының, яғни жоғарғы әскери басшылар белгілеген нысаналы мақсат желісінің жүзеге асырылуы осылардың патриоттық сезіміне, қайыспас қажырлылығы мен жауынгерлік құштарлығына байланысты. Сіз бен біздің бақытымыз сол, Виталий Иванович, біздің жауынгерлер – жігер-қайраты күшті, рухани сенімі берік совет адамдары... Ал біздің ұзамай шабуылға көшеріміз анық. Демек, біздің күйіншікті сәтсіздіктеріміз совет адамдарының жігерін жасыта алған жоқ! Ал мұның өзі өте қуанарлық жәйт! Мен сол сержантпен, сол қызыләскермен шабуыл үстінде кездесіп, оларға: “Ал енді халдерің қалай, батырларым?” деп сұрақ беруді арман етемін.

Бұдан кейін полковник В. И. Марков дивизия штабы орналасқан селоны жаудың атқылай бастағанын, генерал екеуі бақылау пунктіне бар жатқанда бір үлкен мина түсіп жарылғанда генералдың кенет құлағанын айтып берді. Кіш-

кентай ғана жанқа аяулы азаматтың, Москваны ерлікпен, жанқиярлықпен қорғап қалған гвардияшылардың ақылгөй жетекшісінің өмірін жалмап кеткен...

Москва маңын қорғаушы совет құрамалары мен дербес бөлімдерінің үзілді-кесілді қарсы атақалары нәтижесінде жаудың бұл өңірдегі шабуылы біржолата тоқтатылды.

Иван Васильевич Панфилов Москва түбіндегі сұрапыл шайқастың от жалынында шапса жау қамалын бұзатын, тепсе темір үзетін гвардиялық дивизия сынды айбарлы әскер құрамасын шындап шығарды. Өзі сияқты ақылы айық, ойы сергек, өнерлі де жанашыл, қажырлы да қайсар жауынгерлер мен командирлерді баулып өсірді. Сондықтан да дивизияға генерал есімінің берілуі әбден заңды. Сондықтан да “гвардияшы-панфиловшыл” деген атақ мәртебелі де асқақ естіледі!

Олай дейтініміз, Панфиловтың есімі ол басқарған дивизияның абырой-беделінен, ар-намысынан айырғысыз. Панфиловшылдар дивизиясының ерлік істері Отан соғысының шежіресіне алтын өріптермен жазылды, гитлершіл Германияның талқандалуымен аяқталған Ұлы Жеңіске үлкен үлес қосты ол.

1941 жылдың аяқ шеніндегі және 1942 жылдың бас кезіндегі шабуыл ұрыстарында жауынгерлерінің шебер де шапшаң қимылдағаны, жауды қатты қырғынға ұшыратып, Советтік Россияның көптеген елді мекендерін азат еткені үшін дивизияның туына Ленин ордені тағылды.

Дивизия 1944 жылғы шабуыл ұрыстары кезінде Россия Федерациясының солтүстік-батыс аудандарын, Латвияны, оның астанасы Риганы, басқа да қалалары мен елді мекендерін жаудан тазартуда көрсеткен асқан қаһармандығы мен шебер қимылдағаны үшін панфиловшылдардың

туына үшінші орден – II дәрежелі Суворов ордені қадалды.

Қорыта айтқанда, өзінің кемеңгер командирі, ақылгөй жетекшісі, әрі ұлағатты ұстазы, гвардия генералы Иван Васильевич Панфилов баулып өсірген батырлардың ерен ерлік істері ұрпақтан ұрпаққа өшпес үлгі өнеге ретінде ауыса бермек.

## ЖАЛЫНДЫ ПАТРИОТ, ДАРЫНДЫ ҚОЛБАСШЫ

Қазақ халқының аяулы патриоты, Совет Армиясының саналы да зерделі офицері, батальон командирі Бауыржан Момышұлы өзі басқарған жауынгерлерден құралған тактикалық әскери бөлімшені бақайшағына дейін қаруланған айлакер, сұм жауға қарсы тұралықтай, оны жеңіп шығарлықтай етіп шындап, машықтандырды. Бұл ретте ол әрбір кемістікке, әрбір сөтсіздікке қатты қынжылып, жауынгерлерінің әрбір сөтті қимылына, әрбір жеңісіне қуанды. Бүгін тәжірибесін, көңілге түйген ойларын келесі күні сабақ ретінде пайдаланды. Дивизия командирі генерал Иван Васильевич Панфиловтың сөзімен айтқанда, батальон Бауыржанның академиясы, ұлы сынақ үстінде үздіксіз өсу жолы болды. Өз білгенін, көңілге тоқығанын батальонға таратып, қарамағындағы жауынгерлер мен командирді қатаң төртіпке үйретті, оларды табандылық, батырлық, шеберлік рухында тынбастан тәрбиеледі.

Бауыржан өзін Панфиловтың шәкірті деп есептейді, оның адамгершілік қасиеттерін, қолбасшылық өнерін сүйсіне сипаттайды, оны ақылгөй басшы, ұлағатты ұстаз, қамқоршы кемеңгер

ретінде қастерлейді. Жоғарыда айтылғандай, батальон Бауыржанның академиясы болды десек, ал Панфиловпен әрбір кездесуі оның тәлім-тәрбие алу, өсіп-өрлеу мектебі болды. Осының нәтижесінде ол соғыс жылдарында аға лейтенанттан гвардия полковнигі, батальон жетекшісінен дивизия командирі дәрежесіне көтерілді.

Белгілі совет жазушысы Александр Бектің “Арпалыс” атты кітабында генералдың Бауыржан басқарған батальонға алғаш рет келгені суреттелген. Панфилов келердің алдында ғана Бауыржан рота командирлерін батальонның қорғаныс шебінің схемасымен таныстыру үшін шақыртып алғанды.

Бауыржан генералға батальонның қорғаныс шебіне бекініп, ұрыс тәсіліне жаттығып жатқанын мәлімдегеннен кейін Панфилов одан:

– Батальонда төтенше оқиға болды ма? – деп сұрайды.

– Иә, жолдас генерал. Өз қолын әдейі жаралаған қаскүнем строй алдында атылды.

– Сотқа неге бермедіңіз?

– Басқа жағдайда сотқа берген болар едім. Бірақ бұл ретте жедел шара қолдану керек болды. Сондықтан жауапкершілікті өз мойныма жүктеп, осылай еттім.

– Өзіңіз аттыңыз ба?

– Жоқ, жолдас генерал: бұрын өзі басқарған бөлімше атты. Менің бұйрығым бойынша.

– Дұрыс істепсіз, жолдас Момышұлы, – деп ол мен жазған рапортқа: “Бекітемін” деген сөзді жазды.

Күздің қара суығы түскен кез ғой, сондықтан батальон штабы орналасқан үй де суық болатын.

Осыны сезген генерал кеспелтек ағашты балтамен жарып, біркелкі жаңқаларға айналдыра бастайды.

Штаб бастығы Рахимов қасына жетіп барып:  
– Жолдас генерал, маған рұқсат етіңіз, – дейді.  
– Несі бар? Мен отын жаруды ұнатам. Әрине, келесі жолы командирлеріңіздің суыққа тоңып отырмау жағын өзіңіз қарастыруға тиіссіз.

“Генералдың бір сипаты осындай, – деп түсіндірді Бауыржан, – ол кейде кісінің мінің тік айтпай, осылай оспақтап сездіретін”.

Бұдан соң генерал дивизияның ондаған километр өңірде қорғаныс шебіне орналасқанын, оның күші бірнеше артиллериялық бөлімдермен нығайтылғанын айтып береді де, сөзін былайша тұжырымдайды:

– Міне, солай, жолдастар. Енді біз де соғыса бастаймыз... Неміс он жақтан тиіссе, омақастыра құлатамыз, сол жақтан тиіссе, тағы сұлатамыз, – деп түйеді сөзін.

Сол сәтте сақырлаған самауырды көтере дедектеп комбаттың атқосшысы Синченко үйге кіріп келеді.

– Сабыр, сабыр, жігітім! – дейді Панфилов.  
– Самауырмен де кісі жүгіре ме екен?

– Соғыста жүгіріс болмай тұра ма, жолдас генерал, – деп Синченко іркілемей жауап қайырады.

– Пәлі, соғыстың аты құр жүгіріс пе екен?  
– Жүгіргенде есеппен жүгірем де, жолдас генерал.

Бұл жауап Панфиловқа ұнап қалады.

– Жарайды, жарайды, – дейді ол. – Бірақ, жолдас, бізге енді құр есеппен соғысуға болмайды. Үш есе есеппен соғысу керек! – Соның артында генерал, Бауыржанға бір қарап: – Немене, жолдас Момышпұлы, өзіңіз бір түрлі көңілсіз жүрсіз ғой? – деп сұрайды.

“Панфилов майдалап сұраса да, – дейді Бауыржан, – тап осы сұрағымен төбеме қойып қалған-

дай, орнымнан құлай жаздадым. Күні кеше жауынгерлерге өзім осыны айтқан жоқ па едім. Бүгін мен де сондай жабыңқы күйде болғаным ба?”

– Айтыңыз, жолдас Момышұлы, көңіліңізге дық болған не? Тұрмай-ақ қойыңыз, отыра беріңіз, отыра беріңіз! – деді ол, менің көтеріле бастағанымды байқап.

– Былай еді, жолдас генерал, – деп мүдіріп сөз бастадым мен. Айтыңызшы жолдас генерал, батальонның шебі қысқармай, осы жеті километр бойымен қала бере ме?

“Басқаларды ойынан арылтам дегенім дұдәмалдық, сенімсіздік еді. Қаламасам да, сары уайымның сарыны енді өз сөзімнен де естіліп тұрғандай”.

– Жоқ, олай болмайды! – Панфилов сөл кірді де, көзін сығырайтып, күлімсіреді. – Олай болмайды! Бүгін сіздің полктен бір ротаны аламын. Кейіннен екіншісін де алуым мүмкін. Солай болғасын сіз бұрынғыға қоса тағы да бір, бір жарым километр жер иемденуіңізге тура келеді.

– Тағы да бір километр дейсіз бе?

– Олай етпеске шара бар ма, жолдас Момышұлы? Көне, ақыл беріңізші.

Бұл сөзді ешбір кекесінсіз айтқан Панфилов жалмажан маған мойынын бұрып, бейне мендей аға лейтенант өзіндей генералға жүйелі кеңес беретіндей-ақ, орындығымен қоса ілгері ұмсынды.

– Айтыңызшы, бұдан басқа шара бар ма? – деді ол тағы да.

– Шебіміз ғой таратқан жіптей жіңішке. Оны үзіп өту қиын емес. Ал бір жерден үзіп өтті дедік... Одан өрі қайтпекпіз?

Жауап күтіп, менің бетіме үніле қарады ол. Мен үндемедім.

– Міне осы себепті де мен роталарды өзіме алмақпын. Әбестік дейсіз бе? – деп сұралды ол, тап

осы сөзді мен айтқандай. Бірақ мен жұмған аузымды ашпай, тындаумен болдым. – Қазір, жолдас Момышұлы, жай сақ болуға жарамайды... Қазір... – ол мағыналы пішінмен қасын керді, – үш есе сақ болу керек. сонда ғана осы өңірде, Волоколамскіге жеткенше оны бір айдай өурелейміз.

– Волоколамскіге жеткенше? Кейін шегінеміз бе, жолдас генерал?

– Бір орында қарап отырмаспыз. – Тек өрекет етерде ескеретін нәрсе, неміс қай жерден жарып өтсе де. алдынан біздің әскерлеріміз кесекөлденең тұруы керек. Ұқтыңыз ба?

– Ұқтым, жолдас генерал, бірақ...

– Иә, сөйлеңіз! Көңіліңізде тағы қандай дық бар? Жауынгер немістен шайлығыңқырайды демексіз ғой, солай ма?

– Солай, жолдас генерал.

“Сөзімді қысқаша айтуға тырысып, баяндай бастадым, – дейді Бауыржан. – Тегінде баяндау деген сөз бұл жерде дәл келмейді. Мұның себебі, Панфилов кісіні ықыласымен тындай біледі. Бұған қарап, сен өзің аса маңызды, өнегелі бір сөз айтып отырған секілдісің. Бұл жолы да әскери тілмен баяндаудың орнына көрген-білгенімді, ішке түйгенімді өңгіме жырдай әсерлеп айта бастағанымды өзім де байқамай қалдым”.

Бұдан кейін генерал батальонның қорғаныс шебін бейнелейтін схемамен танысып, оның үлкен кемістігін, – мина алаңынан өткел жасалмағанын, жақын келген жауға алдын ала қарсы өрекет жасау ниеті көрсетілмегенін қатты сыннайды да, оған өз қолымен түзетулер енгізеді.

Генерал Бауыржанды ертіп, шепке орналасқан жауынгерлердің хал-жайымен танысу үшін екінші ротаға барғанда, бұларды рота командирі



лейтенант Севрюков қасына ерткен бірнеше жауынгерімен бірге қарсы алады...

Панфилов Севрюковтан бүкіл ротаны жаңа шепке шұғыл орналастыру үшін қанша уақыт керек екенін сұрайды.

– Он бес-жиырма минутте үлгірем, жолдас генерал.

– Ойша соғып жүрген жоқсыз ба? Көні, көні, көрейік... Басқарыңыз, жолдас Севрюков.

Сонда Севрюковтың қасына ерткен желаяқ-хабаршылары тұс-тұсқа зымырай жөнелді.

“Бімырт жабылып, айнала күңгіріт тарта бастаған. Ақырында орманға бет ала қараңдап жүрген бірінші тізбек көрінді. Ауыр пулеметті иығына арта салып, еңкелей ілгері ұмтылып бара жатқан қапсағай Қалимолдинді айқын ажыратуға болатын еді.”

Атқыштар алакеуімде көзге өрең шалынатын винтовкаларын кезей ұстап, жүгіре басып, пулеметшілерден өрі өтті. Олар жер бауырлап жата қалды. Лезде ақ қардын бетінде, бейне көп нүктелі сызықтай, жаңа қорғаныс шебі пайда болды.

“Панфилов қолындағы сағатына ауық-ауық қарайды, – дейді Бауыржан. – Сағаттың бір келкі сыртылдаған дыбысы менің құлағыма: “дұрыс, дұрыс, дұрыс!” деп сыбыр қаққан сыншының үні төрізді естіледі. Сондағы тұла бойымды кернеген сезімді қанша өсерлеп айтқанмен дәл жеткізе алармын ба?! Бар өнерімді, бар еңбегімді жұмсаған батальоным өз қол баламдай, өз өренімдей ыстық көрінбей ме? Оның жақсылығы маған абырой, кемістігі бойыма мін емес пе? Бұған қалай қуанбассың, қалай сүйсінбессің! Бірақ бөтен бір ой екінші жақтан килігіп мазалайды. Жазық алаңда жаңбырша оқ жауғанда, айналары жаңғырықтыра снаряд пен мина жарылып

жатқанда, осылай шебер қимылдай алар ма екен-біз? Сондай жағдайда біреу: “Қоршап келеді!” деп байбалам сала, орманға қарай тура қашса не болмақ? Оның артынша басқалары дүрлігіп, үрке жөнелмесіне кім кепіл? Жоқ, жоқ! Азғынды командир табанда жоқ қылады, үрейшілді жауынгерлердің өздері атып тастайды. Сырт-сырт соққан сағатқа жүрегім үн қоса: “Сенем, сенем, сенем!” деп қостайды”.

Жауынгерлер бірде оқтай зымырап, бірде жата қалысып, мезгеулі жерге жетіп үлгерді де, қол күректерімен қарды үнгіп, бекіне бастады.

– Жолдас генерал! Сіздің бұйрығыңыз бойынша рота жана шепке жетіп бекінді, – деп рапорт берді Севрюков.

– Тамаша! – деді Панфилов, масаттанып. – Он сегіз жарым минут өтті. Өте жақсы, жолдас Севрюков! Өте жақсы, жолдас Момышұлы! Енді жауынгерлерге алғыс айтпай кетпеймін. Осындай ер жүрек қаһармандарымыз барда немісті соға білмесек, несіне тірі жан атанамыз. Бізге бұлардан артық қандай жауынгерлер керек? Жолдас Севрюков, енді ротаны осында келтіріңіз.

Хабаршылар тағы да жүгіріп кетті. Көп ұзамай, взвод-взводымен сап түзеген жауынгерлер генералдың айналасына тізіле бастады. Севрюков стройды реттеп: “Смирно!” деп команда берді де, генералға мәлімдеді. Қараңғыда жауынгерлердің жүздері көрінбегенмен, стройдың бейнесін айқын ажыратуға боларлық еді.

Панфилов көп сөйлеуді ұнатпайтын, әмісе ол алқа-қотан отырған жауынгерлермен емін-еркін өңгімелесуші еді. Бұл жолы генерал жауынгерлер алдында қысқаша, айналасы екі-үш минут сөз сөйледі.

Тұла бойын кернеген қуаныштың әсерімен жауынгерлерді бірден мақтауға кірісті ол:

– Мен көпті көрген қарт солдатпын. Сондықтан турасын айтайын – Сендердей арқа сүйерлік айбынды жауынгерлері бар мендей генералға ешқандай жау қорқынышты емес!.. Роталарымыз ұрыста да нақ осылай, өздеріндей қимылдаса, бұйрықты дәл осылай орындаса, онда неміс Москваның маңайына да жолай алмайды. Ұрысқа үздік өзірленгендерін үшін, адал қызметтерің үшін алғыс айтам, жолдастар!

Бүкіл рота айналаны жаңғырықтыра:

– Совет Одағына қызмет етеміз! – деп саңқетті.

“Көңілді тасытып ұшпаққа шығаратын бұл сөз жұртқа түтел жеткендей, – дейді Бауыржан, – Панфиловтың жылы лебізі, құлаққа жағымды үні оның қуанышты кейпін танытқандай. Бірақ манағы өділ де қатал сыннан кейін, көңіліме орнаған дық кетпей, мен бұл кеште өзгелерден оқшау тұрғандай едім. Мені қалың ой билеген. Ой демекші, жете екшелмеген, көңілге тоқылмаған, тиянағын таппаған бір іс бар секілді. Ол не? Сұңқар ұшып жетіледі, тұлпар шауып төселеді дегендей, ұрысқа белсене кіріспей, тұңғыш жеңістің шаттығын сезбей, кісі шындалмайды, жауынгердің жан дүниесінде өзгеріс тумайды. Бізге керегі сол жеңіс!”

Сөйтіп Бауыржан Момышұлы өзі басқарған, жүздеген жауынгерден құралған батальон сынды тактикалық әскери бөлімшені бақайшығына дейін қаруланған, айлакер, сұм жауға қарсы тұрарлықтай, оны жеңіп шығарлықтай етіп шындап, машықтандырды. Бүгінгі тәжірибесін, көңілге түйген ойларын келесі күні сабақ ретінде пайдаланды. Бөлімшенің сан ұрыста жинақтанған ерлік тәжірибесі, бес рет жаудың ту сыртында өрекет етіп, неміс-фашист басқыншыла-

рын қырғынға ұшырата, өрдайым өз дивизиясына сақадай сай күйінде келіп қосылып отыруы Момышұлының әскери-тактикалық шеберлігін жетілдіре, командирлік ой өрісін кеңейте түсуіне көмектесті.

Бауыржан өзін Панфиловтың шәкірті деп есептейтін, оның адамгершілік қасиеттерін, қолбасшылық өнерін өзінің шығармаларында және “Арпалыс” атты кітапта жан-жақты сипаттайды, оны ақылгөй басшы, лұғатты ұстаз, қамқоршы кеменгер ретінде қастерлейді.

Бауыржан Момышұлы соғыс жылдарында батальон мен полкті бастаған кезінде де, гвардиялық дивизияны басқарған ретте де адуынды да қатал әскери бастық болып қана қойған жоқ, сонымен қатар қарамағындағы жауынгерлер мен офицерлердің ақылгөй жетекшісі, зерделі де білгір, байыпты да мейірбан тәрбиешісі, дарынды да талантты қолбасшы бола білді. Жауынгерлерді қан майданда партия мен халықтың қасиетті тапсырмасын, сүйікті Отанымыздың абзал аманатын абыроймен, адал орындайтын жалынды патриоттар етіп тәрбиелеу үшін Бауыржан халықтың даналығынан туған мақал-мәтелдерді, қанатты сөздерді, әсиеттер мен қағидаларды кеңінен пайдаланып отырды. “Жаным – арымның садағасы” деген сияқты ерекше мағыналы халық мақалы, орыстың кеменгер қолбасшысы Суворовтың “Әскери машықта азаптансаң, ұрыста қиналмасың” деген тамаша қағидасы, Панфиловтың “Солдат жаумен шайқасқанда өлу үшін емес, өмір сүру үшін шайқасады” деген нақыл сөзі Бауыржанның күнделікті іс-әрекетінде бұлжымас ереже, жетекші нұсқау болды. Сонымен қатар сол қиян-кескі арпалас тұсында Бауыржанның өзі де сол дәуірге дөп келетін көптеген на-

қыл сөздерді дүниеге келтірді. Солардың біразын мысалға келтірейік.

### БАУЫРЖАННЫҢ НАҚЫЛ СӨЗДЕРІ

Отан үшін отқа түс – күймейсің.

Белдескеннің белін сындыр,  
Тірескеннің тізесін бүктірі!

Қайратыңа өдісінді жолдас ет,  
Өдісіңе ақылыңды жолдас ет.

Өдіссіздік – әлсіздік,  
Егтілік те – ерлік.

Қара бет болып қашқанша,  
Қайрат көрсетіп өлген артық!

Таяқтан тайсалмасаң,  
Семсерден сескенбесең,  
Жендім дей бер...

Өмір үшін өлгенше күрес.

Төртіпке бас иген құл болмайды,  
Төртіпсіз ер болмайды.

Өжеттіктен не пайда,  
Ерлігі мен ақылы көпті батыр етпесе!

Жігіт болсаң, жігеріңді жасытпа,  
Қайратыңа қайта мін.

Алтын басты болсаң да  
Ардан арттық емессің.

Ашуыңа ақылыңды жендірме.

Хас батыр ұрпағы бардың арманы жоқ.

Жеңіс шайқасқа дейін шыңдалады, т.т.

1941 жылдың аяқ шенінде, Москва түбіндегі кескілескен ұрыстар кезінде баспасөзде, әсіресе әскери әдебиетте Бауыржанның “Отан туралы ойлары” жауынгерлер арасындағы әсерлі де өтім-

ді үгіттің жарқын мысалы ретінде келтіріліп жүрді. Белгілі совет жазушысы Александр Бектін “Арпалыс” атты романында Бауыржан басқаратын батальонның бір бөлімшесінде төтенше уақиға болғаны, жауынгерлік антты бұзған бір қаскүнемнің “мүгедек” ретінде майданнан кету үшін өз қолын винтовкадан атып, өдейі жараланғаны, сол қылмыскердің соғыс кезеңінің қатал заңына сәйкес строй алдында атылғаны суреттелген. Осыған байланысты батальон командирі аға лейтенант Бауыржан Момышұлы былайша ойланып-толғанады:

“Мен – адаммын. Мейірдандық менде де бар. “Атпа, ая, кешірім ет!” деген ішкі сезімнің үніне құлақ ассам, жөн болар ма еді? Мен кешкен жоқпын.

Қарынға түскен құмалақты алып тастамаса, ондағы май шірімей ме, күріш арқасында су ішетін күрмекті жұлмаса. күріш былғанбай ма, егін арқасында нәр алатын арамшөпті отамаса, дәні ашан тартпай ма?!

Мен жүздердің командирімін, өке орнына өкесімін. Ұлым деп аясам, жалғыз содыр жүздеген ұлдарға кесірін тигізер еді. Басқаға сабақ болсын деп, Отанда опасызға орын жоқ екенін білсін деп, қылмыстының қанын төктім.

Осының бәрін бұлжытпай жазыңыз – солдат шинелін кигендер, я киюге өзірленгендер мұны түгел оқысын. Оқығанның есіне салыңыз: сен бұрын, мүмкін жақсы жігіт атанған шығарсың. Бірақ еліңе жауіп төнгенде, қара басыңның қамын көздеп, өскерлік сертті бұзсаң, Отаныңа опасыздық істесең, сендей шермендеге кешірім жоқ – қылмысыңды өліммен өтейсің, – дегейсіз”.

Бір күні батальон ұрысқа кірерден бұрын бөлімшілердің бірінде саяси жетекші политрук

Дордия жауынгерлермен өңгіме өткізіп жатқан кезінде Бауыржан келеді. Өңгіме тақырыбы Отан жайында екен, политрук: “Отанымыз талап етеді, өмір етеді, өлімге бас тік дейді, бір адым кейін шегінбе дейді” деген сияқты сөздерді ежіктеумен болады. Сондықтан да тындаушыларға өңгіменің өсері сезілмейді, жауынгерлер салғырт да жым-жырт.

Бірақ “өлім, өлім” дегенді тақпақтай беруден не пайда, дейді Бауыржан ішінен. Соғыстың қатал шындығы осы, бұған жұрт үйреніп, көндік-сін, мойын сұнсын дейтін шығарсың, жігітім. Жоқ, соғыстың қатал шындығы бұл емес, өсте бұл емес.

Өңгіме аяқталған кезде Бауыржан:

– Отан деген не, білемісің? – деп сұрайды бір жауынгерден.

– Отан дегеніміз – Совет Одағы, біздің жеріміз, – дейді ол.

– Отан дегеніміз – мен туған жер, ауыл, қыстақ, қала. – дейді екінші жауынгер.

– Отан дегеніміз біздің Москва, қазір біз соны қорғаудамыз, – дейді үшіншісі.

Тағы да кімнің не айтатыны бар екенін сұрағанда жауынгерлер жамыраса: “Өзіңіз түсіндіріп беріңіз” деп өтініш айтады.

– Өмір сүргің келе ме? – деп сұрайды Бауыржан таяудағы бір жауынгерден.

– Әрине, жолдас комбат.

– Құр тілектен пайда аз, – дейді ол. – Тілегінді іспен көрсет. Ал сенің аузың айтқанмен, бөксең қимылдамайды, өзіннен өзін көрге қарай домалап барасың. Сені көр аузынан ілгекпен бері тартып алмаса болмас.

Жұрт ду күлді. Көптен бергі шын жүректен шыққан бірінші күлкі еді бұл.

– Жіңішке ағашпен жабылған окобыңды аршытып, қайта жаптырсам, оны сен үшін істеймін.

Өйткені оның ішінде отыратын мен емес, сен. Мылтығың кір деп ұрыссам, ол да сенің қамың, өйткені одан оқ ататын да сенсің. Командир сенен не талап етсе де, саған қандай жарлық берсе де, – бәрі де сенің қамың үшін істеледі. Енді түсіндің бе, Отанның не екенін?

– Түсінгем жоқ, жолдас комбат.

– Отан – өзіңсің! Өміріңе оқталған обырды сен бұрын өлтір. Өлтірсең кімге пайда? Сенің өзіңе! Өке-шешене, әйеліне, балаңа, туған-туысқаныңа пайда!

Әңгімені әркімнің көкейтесті тілегін қозғайтын жаққа қарай бұрғанда Бауыржанның көздегені әрбір жауынгердің зердесіне өмір сүруге деген өршіл талапты ұялатып, осынау тасқын жігерді ұрыста жеңіске жеткізетін мықты қаруға айналдыру еді.

Бауыржан әңгімесін жалғастыра берді:

– Дұшпан сені де, мені де өлтірмек боп келеді. Менің саған айтар ақылым, қояр талабым: дұшпанды өлтіре біл! Өйткені менің де өмір сүргім келеді. Осы отырғандардың қай-қайсысы болса да: – Өлтір оны! – деп өмір етеді. Өйткені бәрінің де тірі қалғысы келеді. Сен де өз жолдасыңнан осыны талап етуге міндеттісің! Дұшпанды өлтіре біл, өзінді аман сақта да! Сонымен, Отан деген – сенсің. Отан деген – менмін, осы отырған бәрімізбіз, біздің ауыл-аймағымыз, ата-анамыз, балашағамыз, осының бәрі – Отан! Отан дегеніміз – біздің халық! Ендеше өзің үшін, елің үшін аянбай еңбек ет, өнерге жетіл, бейнетке ысыл, сонда қор болмайсың. Отаның үшін отқа түс – күймейсің. Мүмкін, жан бар жерде қаза бар дегендей, жазатайым оққа ұшарсың да, бірақ онда да жастығыңды ала өл! Қуатың барда қайрат көрсет! Сөйтсең, осы отырған қарулас, майдандас, тұздас-



дәмдес жолдастарыңды өлімнен аман сақтайсың! Сен атаңның оң батасын алған адал ұлысың, анаң ақ сүтін беріп сені аялап өсірді. “Батыр бол, бөпем!” деп жастайыңнан тілеуіңді тіледі. Ер жеткенде ел-жұртың ер-азаматымыз деп сені ел қорғауға аттандырып отыр. Атаның адал батасын, ананың ақ сүтін ерлікпен ақтау саған парыз. Сөйтсең, ата-анаң, ел-жұртың атыңды ардақтап, саған алғыс айтады. Халқымыздың өмірін орындап, мен сендерді өлім үшін емес, өмір үшін ұрысқа бастағым келеді!..

И. В. Панфилов атындағы 8-інші гвардиялық атқыштар дивизиясы Москва түбіндегі ұрыстардан кейін, өсіресе 1942 жылдың бас кезіндегі шабуыл ұрыстарының алдында және одан кейін де жана резервтермен толықтырылған-ды. Осыған байланысты дивизия бөлімдері мен бөлімшелерінің командирлері мен саяси қызметкерлері, коммунистері, комсомолецтері жауынгерлерді халықтар достығы және пролетарлық интернационализм рухында тәрбиелеуге, елімізді мекендейтін түрлі ұлт өкілдерінің қан майданда сынақтан өткен достығын нығайтып, шындай түсуге күш салып отырды.

1942 жылғы июнь айының бас кезінде Қырғызстанның Ош қаласында алты айлық курсты бітірген 32 саяси қызметкер Қызыл Армияның Жоғарғы Саяси Басқармасының жолдамасымен панфиловшылар дивизиясына келген-ді. Бұлардың қатарында мен де болатынмын. Мен өзімнің өтінішім бойынша Бауыржан басқаратын 19-ыншы гвардиялық полкке қарасты танкке қарсы қолданылатын зеңбірек батареясының комиссары болып тағайындалдым. Бұл кезде дивизия бөлімдері ескілікті орыс қаласы Холмның маңындағы қорғаныс шебіне бекінген еді. Мен өзіме

жүктелген міндеттер деңгейін тез-ақ игеріп кеттім. Бұл жөнінде маған дивизия саясат бөлімі мен полктің тәжірибелі саяси қызметкерлері, өсіресе полк командирінің өзі көмектесті. Көп ұзамай мен Бауыржанның тапсырмасы бойынша өз міндетіме қосымша майор Юрченко басқаратын батальонның жас жауынгерлері арасында көпке дейін саяси жұмыс жүргізумен болдым. Айта кету керек, бұлардың дені орысша шала білетін қазақ және қырғыз жастары еді. Дивизияның саяси бөлімі гвардияшы панфиловшылардың батырлық дәстүрлерін, жауынгерлік салтын баяндайтын плакаттар, жарнамалар, үндеухаттар шығарып тұрды. Бұл іске мен де ат салыстым.

1942 жылғы августың бас кезінде Княжий Клин дейтін үлкен деревняның маңындағы қалың орман ішінде дивизияның құрылған күнін атап өтуге арналған салтанатты жиналысқа мен де қатысып, құраманың даңқты ардагерлері Ахмеджан Мұхамедияровпен, Бауыржан Момышұлымен, Мәлік Ғабдуллинмен және Балтабек Жетпісбаевпен бірге болдым. Жиналысқа көктемгі шабуыл кезінде дивизияны басқарған, кейін корпус командирлігіне жоғарылатылған аса көрнекті совет қолбасшыларының бірі генерал Иван Михайлович Чистяков қатысып, сөз сөйледі. Генерал дивизияның мерекесіне байланысты құраманың солдаттары мен сержанттарына, командирлері мен саяси қызметкерлеріне шын жүректен құтты болсын айтып, гвардияшылардың фашистік оккупанттарға қарсы шешуші шайқастарда жаңа жеңістерге жетуіне тілектестік білдірді. Сөзінің аяғында генерал дивизияның көктемгі шабуыл ұрыстары кезінде 23-гвардиялық атқыштар полкін басқарған Бауыржан Момыш-

ұлының асқан жанқиярлықпен, тамаша тактикалық тапқырлықпен, терең ойластырылған әскери шеберлікпен дивизияның данқты жеңісіне үлкен үлес қосқанын айрықша атап өтті де, дүйім жұрттың көзінше Бауыржанды құшақтап, құшырлана сүйді.

Генерал И. М. Чистяковтың Бауыржанның ерлік істерін осылайша мадақтауына үлкен мән бар еді.

Совет әскерлерінің 1942 жылғы январь-февраль айларындағы шабуыл ұрыстарында 8-інші гвардиялық дивизияның Бауыржан Момышұлы басқарған 23-гвардиялық полкінің жауынгерлері ерекше көзге түскен-ді. Дивизия екі ай ішінде батысқа қарай 500-600 километр алға басып, фашистердің мыңдаған солдатты мен офицерін қырды, көптеген техникасын жойып жіберді. Гвардияшылардың шабуыл кезіндегі асқан ерлігі үшін дивизия Ленин орденімен наградталды.

Совет информациялық бюросының бір хабарында: майданның солтүстік-батыс бағытында Момышұлы басқарған бөлімінің жауынгерлері дұшпанның үлкен бір тобына тұтқиылдан шабуыл жасап, оны ойсырата шығынға ұшыратты, бірнеше елді мекенді фашистерден азат етті делінген.

Нақ осы оқиға қазақ совет әдебиетінің классигі Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің “Ер серігі – сергек ой” деген өңгімесінде (жазушының шығармалар жинағының 8-томында) Бауыржанның аузынан есітуі бойынша шебер суреттелген.

Осынау ақиқат оқиғаның желісі мынадай: Осташково селосында және оның маңайындағы кішілеу бес поселкіде орналасқан жаудың бірнеше мың әскері мықты бекініс жасап, біздің дивизияның жолын бөгейді. Дивизияның сол кездегі ко-

мандирі генерал Чистяков Бауыржанға мынадай айбынды міндет жүктейді: үш күн ішінде Осташковоны және басқа бес қыстақты азат етуге тиіссін, ойлан да толған дейді. Бұл тапсырманы ойдағыдай орындап шықсаң, сені Суворов немесе Кутузов деп атаймын деп өзіл айтады генерал.

Бауыржан ұрыстың тактикалық жоспарын жасап, пулеметшілер, автоматшылар, атқыштар, артиллерияшылар бөлімшелеріне әрқайсысының шабуыл жасайтын бағытын, орындайтын мақсатын сағаты мен минутына дейін дәл анықтап көрсетеді. Түн ортасы мезгілінде, жау әскері қалың ұйқыға шомған сәтте, Ғабдуллиннің автоматшылары, Гундиловичтің пулеметшілері мен атқыштары тұс-тұстан Осташково селосына лап қойып, жаудың әскерлерін қырып-жояды. Тірі қалған фашистер бас сауғалап, бейберекет қаша жөнеледі. Оларды өкшелей қуған гвардияшылар жаудың бірталайын өлтіреді немесе тұтқынға алады. Бауыржан бастаған полктің басқа бөлімшелері сол манайдағы бес қыстақты азат етеді.

Осы оқиға жөнінде Мұхтар Әуезов былай деп жазды: Бұл – “бір басы жүз соғыста болып шыққан ер қазақтың әңгімесі. Жеке басы жалаң құрал ұстаған жай жауынгер емес. Лек бастаған, қол бастаған жаңа батыр, басшы батыр әңгімесі”.

Бұл жерде айта кетерлік бір жәйт, Бауыржан бастаған гвардияшылар сол ұрыста жаудың 800-ден астам солдаты мен офицерін жер жастандырды. Ал біздің жақтың шығыны – 57 адам. Қаза тапқандардың бірі – аты аңызға айналған, осы ұрыста жаудың 20 солдаты мен бір офицерін

өз автоматынан атып өлтірген Төлеген Тоқтаров, ержүрек майдангер композитор Рамазан Елібаевтың зарлы да асқақ “Жас қазақ” өнінің кейіпкері.

Біздің шығын аз да болса, ержүрек батырлардың қазасы Бауыржанның жанына қатты батқан еді.

Оның қарулас достары – полк комиссары Мұхамедияров, полк штабының бастығы Мамонов, батальон командирі Гундилович Момышұлының көңілін жұбатпақ болып: “Шүкірлік етіңіз, осынау үлкен жеңіске сіздің арқаңызда жетіп отырмыз” дегенде, Бауыржанның ерлік дастан сарынымен жауап қайырғаны да Мұхтар Омарханұлының өңгімесінде мысалға келтірілген:

Мен істедім дегенше,  
Мың істеді десенші,  
Мың істеді дегенше,  
Ер істеді десенші,  
Ер істеді дегенше,  
Ел істеді десенші.  
Мен мыңдікі болмасам,  
Ер елдікі болмаса,  
Кім істеді дер едің!..

1943 жылдың екінші жартысында, мен дивизиялық “За Родину!” (“Отан үшін”) газетінде істей бастаған кезімде, Бауыржан мені өз полкіне шақырды. Барған бетте ол маған белгілі жазушы Константин Симоновтың “Правда” газетінде жарияланған өлеңін көрсетіп, ерекше нәшпен, өрі қаһарлы ызғармен оқып берді. Осыны дереу қазақша аударып, үндеухат басып шығарып, дивизия бөлімшелеріндегі қазақ, қырғыз және өзбек жауынгерлеріне таратып беру керек деп ұсыныс жасады.

– Мұны орысшаның ізімен дәлме-дәл аудармай, қазақ пен қырғыздың тұрмыс салтына бейім-

деп аударған мақұл, – деп ақыл айтты Бауыржан.

Мен қатты қиналсам да, өйтеуір орысша өлеңнің еркін аударма нұсқасын жасап үлгердім. Бауыржан аудармаға тиісті түзетулер енгізді. Момышұлы дивизия комиссары полковник Лобовтың атына хат жазып, бұған өлеңнің орысша түпнұсқасы мен қазақша текстін тіркеп, аударманы көп тиражбен бастырып, қазақша түсінетін жауынгерлерге дереу таратып беру қажеттігін баса көрсетті.

Дивизия комиссары Лобов пен саясат бөлімінің бастығы Логвиненконың тапсырмасын тез орындау жайын ақылдаса келіп, біз – дивизиялық газеттің редакторы, қазақстандық белгілі ақын П. Н. Кузнецов, мен және қырғыздың көрнекті ақыны, саяси қызметкер Төлен Шамшиев – өлеңді үш тілде (орыс, қазақ және қырғыз тілдерінде) үндеухат түрінде басып шығаруды ұйғардық та, дивизия комиссары мен саясат бөлімінің ризалығы бойынша мұны бөлімшелерге таратып беруді өз міндетімізге алдық. Ұзамай бұл өлең өрбір жауынгердің жол серігіне, рухани азығына айналды. Мұны үгітші солдаттардың, олардың ішінде белгілі орыс ақыны Сергей Смирновтың, Қазақ мемлекеттік филармониясының бұрынғы артисі Темірбек Көкібаевтың жауынгерлердің жиындарында нәшпен оқып бергенін өз көзіммен көргенмін.

Айта кету керек, өлеңнің мен жасаған қазақша аудармасы неміс-фашист басқыншыларына қарсы күрес майдандарында қазақ тілінде шығып тұрған газеттердің бөрінде басылып шықты.

Сол аударма өлең мынау:

**ӨЛТІР ОНЫ!**  
(Константин Симонов)

Атаң арнап салдырған  
Үйінді қымбат санасаң,  
Бала бөбек балдырған  
Күйінді қымбат санасаң,  
Шөбі шалғын жерінді,  
Суы шарбат көлінді  
Елiрген жау есіріп,  
Арамдасын демесең,  
Ата қоныс жұртыңды  
Таптасын фашист демесең...  
Ақ сүтін беріп өсірген,  
Тентектік етсең кешірген  
Ананды қымбат санасаң,  
Ардақтаған анады,  
Таңба сап әжім бетіне,  
Дақ түсіріп етіне,  
Бұрымынан сүйрелеп,  
Фашист тепсін демесең,  
Қорлығында сұм жаудың,  
Кірін жуып, күл тасып,  
Күн боп өтсін демесең...  
Алдына алып өлділеп,  
“Батыр бол, бөпем!” – деп тілеп,  
Өлпештеген өкеннің  
Сақалын жұлып сасық жау  
Арын төксін демесең...  
Отаның, ордан күйінді –  
Анаң мен әйел үйінді  
Қара ниет, қанды ауыз  
Фашист алсын демесең.  
Арапалар ешкім жоқ,  
Жәрдемге өзің келмесең.  
Арам ниет дұшпанның  
Сазаың өзін бермесең.  
Өлтірмей тұрып фашисті,  
Сүйем деме еркенді,  
Отаным деп атама  
Өскен үй мен өлкенді.  
Ағаң мен көршің бір-бірден  
Фашисті күртса атып оқ,  
Өш алған олар, сенің де  
Кек алмасқа хақың жоқ.

Ендеше өлтір фашисті –  
Қара жер жұтып жалмасын!  
Сенің емес, дұшпанның  
Жесірі жылап зарласын!  
Беле тілеп басына  
Келіпті, өз обалы:  
Аяма, күйсін ордасы,  
“Жау аяған жаралы”  
Тым болмаса, бірді өлтір!  
Өлтір оны ертерек!  
Қанша көрсен, сонша өлтір,  
Жауыздарға сол керек!

Осыған байланысты айта кету керек, соғыс біткеннен кейін атақты аға буын жазушыларымыздың бірі, майдангер ақын Әбу Сәрсенбаев маған осы өлеңнің фотокөшірмесін жолдап, былай деп жазады: “Қадірлі Құрманбек! Сенің мынау өлеңің “Совет жауынгері” газетінің (3-Украин майданы) 1944 жылғы 15 августағы санында жарияланған болатын. Окоптарды аралап жүргенде мен осы өлеңді талай солдаттың дәптерінен кездестірдім, талай солдаттың аузынан тыңдадым. Демек, бұл өлең де Ұлы Жеңісімізге үлкен үлес қосты... Сол қатерлі де қаһарлы кездердің ескерткішін өзіңе тапсыруға рұқсат ет. Пленкасын қоса жіберіп отырмын”.

Басқа да бірталай майдангер жазушылар мен журналистер кезінде маған осы өлең жөнінде жылы лебіз білдірген-ді.

## БІЗДІҢ КОМИССАР

1918 жылғы апрельде құрылған әскери комиссарлар институты совет халқының тарихында елеулі орын алды. Әскери комиссарлар – Қызыл Армия бөлімдері мен құрамаларының айбынды міндеттерді орындау ісіне командирлер-



мен бірге басшылық етеді, жауынгерлерді ерлікке тәрбиелейді. жауға қарсы ұрыстарға бастайды, әскери бөлімшелер мен бөлімдерде темірдей тәртіп орнатылуын көздейді. Кейін әскери комиссарлардың ролі мен қызмет формасы жағынан өзгеріссіз қалғанымен, мазмұны жағынан өлшеусіз маңыз алғаны Ұлы Отан соғысы майдандарында айқын көрінді. Олар шын мәнісінде командирлер мен жауынгерлердің қамқоршылары, ақылшылары, жанашыр жолдастары, сенімді серіктері, сырлас достары бола білді. Сондай сүйікті комиссарлардың бірі Ахметжан Латыпұлы Мұхамедьяров болатын.

1907 жылы Ақтөбе облысына қарасты Темір қаласында туған Ахметжан Мұхамедьяров есейген шағында комсомол жұмысына қатысып, Темір мен Ақтөбеде қалалық, кейін Ақтөбе облыстың комсомол комитеттерінің секретары болып істейді. 1929 жылы әскерге алынып, қатардағы жауынгерден тәжірибелі саяси қызметкер дәрежесіне көтеріледі. Ал 1941 жылғы июль айында Алматыда 316-ыншы атқыштар дивизиясы жасқалған кезде 1075-інші атқыштар полкіне комиссар болып тағайындалады. Отан соғысы жылдарында, әсіресе Москва түбіндегі сұрапыл шайқаста Жоғарғы әскери командованиенің айбынды тапсырмаларын орындауда аталған полк командирі И. В. Карпов пен полк комиссары А. Л. Мұхамедьяров айрықша көзге түсті. Бұған осы полктен 31 адамның (атап айтқанда, 28 панфиловшы қаһарманның, автоматшы Төлеген Тоқтаровтың, политрук Петр Вихрев пен Мәлік Ғабдуллиннің) Совет Одағының Батыры атағын алуы айқын дәлел. Бір ғана әскер бөлімінен осынша көп батырдың шығуы кездейсоқ емес-ті. Мұның өзі полк партия ұйымының, командирлер мен

политруктердің, полк командирі мен комиссарының жауынгерлер арасында ұйымдастырушылық және тәрбие жұмысын байыпталықпен білгірлікпен жүргізуінің нәтижесі болатын.

– Қандай да болсын алға қойылған міндетті жүзеге асырудағы негізгі күшіміз – адам, ал біздің жағдайымызда жауынгер, – деп ақыл айтамын бізге комиссар, – әрбір жауынгердің тынысын, оның ішкі ой-сырын, мінезін, сезім дүниесін, көзқарасын, қабілетін, тілегі мен өтінішін, сондай-ақ кімнің қай жерден келгенін, үй ішінде кімі барын, тұрмыс жағдайы қандай екенін бес саусағындай білуің керек. Ал бұған жауынгерлермен жеке-жеке жұмыс жүргізу арқылы ғана жетуге болады...

Адам тәрбиелеу мәселелерін комиссар жетік білетін. Қарамағындағылар одан көп тәлім-тәрбие алып отырды. Тегінде Ахметжан Латыпұлы сонымен қатар оларға әрі қамқоршы, әрі ақылгөй жетекші бола білді. Оның жұмыс әдісіндегі тағы бір танданарлық нәрсе, жұрттың шалағайлығын, кемістігін көргенде өсте кейістік білдірмейді, қабағын да шытпайды. Қайта олардың қателіктерінің себебі мен тәркінін байыптылықпен, жанашырлықпен түсіндіріп отырды. Теріс мінез көрсеткен қыңырларды өтімді ақыл-кенесімен жөнге сала біледі.

“Танкке қарсы ататын 45 миллиметрлі зеңбіректер батареясының комиссары болып жүргенімде, дейді Мәлік Ғабдуллин, батарея командирі қарамағындағы взвод командирлерін болмашы ғана кемістіктері үшін бірден қатты жазғыра бастайтын, тіпті тұрпайы сөздерді де жиі қолданатын. Оның үстіне жауынгерлерден бойын аулақ салып жүретін. Оған жолдастық көңілмен мінін айтып көріп едім, өзіме дүрсе қоя берді.

Қысқасы, онымен жұмыс істеу қиындай бастады. Ақырында, бірде түн ішінде Мұхамедьяровка барып, істің жайын айттым. Комиссар тек көмектесуге уәде етті.

Соның ертеңінде-ақ командирдің мінезінде шұғыл өзгеріс болғаны байқалды. Ол взвод командирлерімен және менімен шүйкерілесе өңгімелесіп, алдағы жұмыс жайында, жауынгерлердің көңіл-күйі мен алдағы ұрысқа өзiрлiгi жөнiнде ақылдасып, кеңесiп отыратын болды. Жауынгерлермен де кездесiп, түрлi тақырыпқа өңгіме өткізуді дағдыға айналдырды”...

Мәлік Ғабдуллин полк комиссарының ұрыс жағдайындағы қызметін былайша баяндайды: “Фашистерге қарсы қиян-кескі ұрыстар кезінде ол қашан да қауіп-қатердің қас ортасында, жауынгерлердің жанында болып шығатын. 1941 жылғы 21 октябрьде Рюховское селосының маңында көптеген танктерінің қолдауымен шабуылға шыққан фашистермен таңертеңнен бастап күн батқанша ұрыс жүргізіп, олардың бірнеше шабуылын тойтардық. Бірақ халіміз өте ауыр еді, қатарымыз едәуір селдіреп қалған. Жау тағы бір қысым жасаса, оған төтеп беруіміз екіталай еді. Міне осы бір қысталаң сәтте қасымызға комиссар Мұхамедьяров келе қалды. Оның келуі бойға қуат, жүрекке сенім бітіргендей еді.

– Халдерің қалай? – деп сұрады ол.

– Мәз емес. Жау қайта-қайта мазалауда. Бірақ оны өзiрше алға бастырған жоқпыз.

– Жігіт екенсіңдер! Ерліктеріңе ризамыз.

Айтып, ауыз жиғанша болған жоқ фашистер тағы да шабуыл жасады. Біздің жауынгерлер комиссардың нұсқауымен барлық қарудан жауға нөсерлете оқ жаудырды. Біздің жағымыздан жаудың екі танкі жақындап келді. Нақ сол мезетте біздің комиссар окоптан секіріп шығып,

қолындағы үлкен гранатасын лақтырғанда, жаудың бір танкі қирап қалды. Комиссардың үлгісімен әрекет еткен біздің екі жауынгер дұшпанның екінші сауытты машинасын құртты. Бұл соққыдан жүрегі шайлыққан фашистер тағы да кейін шегінді. Ымырт жабылғанда біз қаза тапқандарды жерлеп, жаралалыларды көтеріп алып, келесі қорғаныс шебіне барып бекіндік...

“Қызмет бабында Мұхамедьяров қарамағындағы адамдарға қатаң талап қоя білетін, сонымен қатар ол аса әділ, турашыл еді, – деп жазады Мәлік. – Сұрапыл ұрыс күндеріндегі ең қысылшаң жағдайда да Ахметжан Латыпұлы жауынгерлерге қамқорлық жасап, олардың күнделікті жауынгерлік тыныс-тіршілігіне, көңіл-күйіне мұқият зер сала білу қажет деп үйрететін. Осыны айқын танытатын бір мысал мынау.

Біздің автоматшылар ротасында Николай Сотников деген жігіт болды. Жайдары, ақкөңіл, өрі әжет те өнегелі солдатымыз еді ол. Бір күні оның көңіл ауанында шұғыл өзгеріс болғаны байқалды. Өзінің салы суға кетіп, тұнжыранқы халге түсті. Сұрастыра келсем, оның үйінде кәрі шешесі бар екен, қыс күндері жағатын отыны болмай, кемпір ауырып қалыпты да, оған ешкім көмектеспепті. Осы жайды хат арқылы біліп, қапаланып жүр екен Николай. Осыны дереу комиссарға мәлімдеген едім, ол қолма-қол жергілікті партия комитетіне хат жазып, Сотниковтың шешесіне көмек көрсетуді өтінді. Ұзамай партия комитетінен де, солдатымыздың анасынан да жауап келді. Қарт анаға жәрдем жасалыпты, отын беріліпті және сол жердегі мектептің пионерлері қартты өз қамқорлығына алыпты.

Екінші мысал. 1942 жылдың орта шенінде біздің қатарымызға Жүкенов деген жігіт келіп

қосылды; өзі талай ұрысқа қатысып, бірнеше рет жараланған екен, госпитальдан шыққан бетінде біздің әскери бөлімге жолдама алыпты. Жауынгер бұрын-соңды ешқандай награда алмапты. Мен осыны комиссарға баяндаған едім, арада біраз уақыт өткеннен кейін Мұхамедьяров жауынгердің өткен кездегі әбден анықталған ерлік істеріне сәйкес оның омырауына өз қолымен үш медаль, екі орден қадады...”

Мәліктің өте дұрыс атап көрсеткеніндей, Ахметжан Латыпұлының бойында осындай тамаша қасиеттер мол еді. Мен мұны өзіме етене жақын Бауыржан Момышұлы, Мәлік Ғабдуллин, Балтабек Жетпісбаев сынды достарымның жазған өңгімелері, ауызша айтқан естеліктері бойынша ғана емес, өзімнің соғыс кезінде және одан бергі жылдар ішінде Ақанмен талай рет тұздас-дәмдес, пікірлес және әріптес болуым арқылы да жақсы білемін. Мен майданда онымен 1942 жылдың күзінде, 8-інші гвардиялық дивизияның құрылғанына бір жыл толуына арналған салтанатты жиында бірінші рет таныстым. Сол жиында гвардиялық корпус командирі генерал Иван Михайлович Чистяков өзінің құттықтау сөзінде барша гвардияшы-панфиловшылдарды мерекеге байланысты шын жүректен құттықтағаннан кейін сол кезде дивизияның 19-гвардиялық полкін басқаратын гвардия подполковнигі Бауыржан Момышұлының дивизия бөлімдерінің сол жылдың көктеміндегі шабуыл ұрыстары кезіндегі ерен ерлігін қолбасшылық талантын айырықша атап көрсетіп, оны құшақтап сүйген-ді. Сонда бөріміздің де елжіреп кеткеніміз есімде. Әсіресе бұған бір орта бойлы өдеміше аққұба офицер қатты қуанып, Бауыржанды құшақтап, құшырлана сүйген. Осынау дембелше кісінің кім

екенін сұрағанымда Бауыржан: “Саған Мәлік айтпады ма? Бұл бәріміздің ең жақын досымыз, атақты Мәдияр”, деді. Мен Бәукеңе таңдана қарап едім, ол күлімсіреген бойы қолымен жетектеп барып, өлгі офицермен таныстырды. Атақты комиссардың аты-жөнін сонда толық білгенмін. Ал жақын достары оны жөй ғана “Мәдияр” деп атайды екен.

1943 жылы Мұхамедьяров жоғарылатылып, дивизия саясат бөлімінің бастығы болып тағайындалды. Ол кезде мен дивизиялық “Отан үшін” (“За Родину”) газеті редакторының орынбасары болатынмын. Газет екі тілде шыққанымен, оның екі тілдегі нұсқалары бірін бірі қайталай бермейтін. Тек ең маңызды деген материалды ғана екі тілде бірдей беретінбіз. Газеттің апта сайын екі рет шығатын қазақшасын жалғыз өзім өзірлеп, тексті танымал өріптермен түгел қолмен жазып шығатынмын. Өйткені өріп теруші орыс жігіт еді. Осы жұмысты жақсылап жолға қоюыма Ақан ылғи көмектесіп отырды: ол командирлер мен саяси қызметкерлерге редакцияның өтінші бойынша жауынгерлердің тыныс-тіршілігі, ұрыстағы ерлік істері жайында қызықты материалдар беріп отыруды тапсырды; Алматыдағы тиісті орындармен хат арқылы байланыс жасап, редакцияның қазақша өріп таңбаларымен, қажетті баспахана жабдықтарымен толық қамтамасыз етілуіне жәрдемдесті.

Орыстың ұлы ақыны А. С. Пушкиннің туып өскен мекенін жаудан азат ету жолындағы кескілескен ұрыстар кезінде редакция алдыңғы шепке өте жақын жерге орналасқан еді. Дүшпанның авиациясы сол маңайдағы нысаналарды күн сайын дерлік бомбалайды, артиллериясы жиі-жиі атқылайды. Кейде күніне төрт-бес рет аса қауіпті

жағдайда боламыз. Мұндайда қалыпты жұмыс істеу, әрине, өте қиын еді. Осындай бір күшті атыс кезінде мен траншеяға жетіп үлгергенімше жау снаряды жақын жерге түсіп жарылды. Өзім осыдан қатта есеңгіреп қалыпшын. Есімді жиып, үсті-басыма қарасам, шинелімнің етек жағы снаряд жарғыштарынан шұрқ тесік болыпты, әйтеуір өзім аман қалдым. Осыны сырттан көзі шалған шаруашылық бөлімінің офицері дивизия саясат бөліміне мені қаза тапты деп хабарлапты. Мен осы дүрбелеңнен кейін қаннен қаперсіз жұмыс істеп отырғанымда кенет редакция блиндажына кіріп келген Ахметжан Латыпұлы мені көрген заматта қалшия қалды да, сөлден соң: “Япырау, сенбісің, тірімісің?! Сені өлді деген бекер екен ғой... Енді саған оқ дарымайтын болады” деп өзілдеді ол. Көп ұзамай Мұхамедьяров редакцияның басқа жерге қоныстануына, зақымданған автомашина мен бүлінген жабдықтарды тез жаңартып алуымызға жәрдемдесті.

Ардагер абзал досымыз, әрі ақылгөй ағамыз Ахметжан Латыпұлы жайындағы әңгімені соның қызу араласуы арқасында мәңгі-бақи татулыққа айналған бір араздықты қысқаша баяндаумен аяқтамақшымын. Бұл араздық ежелгі екі дос арасында солардың өздеріне ғана белгілі бір оқиғадан кейін туған болатын.

Бүкіл жұртшылымызға аты әйгілі батырымыз Мәлік Ғабдуллиннің мүшелді тойы болғалы жатқан еді. Соған байланысты сонау Челябинскіден Алматыға Мәдияр келген болатын. Ол мұны естіп қатты күйінді. “Жақсылық үшін келіп едім, ал жан шошырлық мына сұмдықты көргенше жер жастанғаным жақсы еді!” деп еңкілдеп жылады ол. Сонда екі достың ең үлкені: “Өз тарапымнан нақ осы арада татуласуға мен

өзірмін, ежелгі достықты қайта жандыруға, бұдан былай мұны мәңгі-бақи аман сақтауға ант етемін!” дегенде мұны кішісі де толық қостады. Сөйтіп, той тойға ұласты. Бұған себепкер болған сүйікті Мәдиярға екі доспен бірге барша жұрт шексіз алғысын айтты.

Ахметжан Латыпұлы Мұхамедьяровтың қызмет лауызымына байланысты Москва түбіндегі шешуші шайқас алдында болған бір оқиға желісін қысқаша баяндап өтпекшімін.

“Қазақстан коммунисті” журналының 1966 жылғы 12-номерінде “Журналист Александр Кривицкийдің естелігінен” деген суреттеме басылды. Суреттеме мынадай сөздермен басталады:

“Фотосуретте әскери киім киген, қою шашты әдеміше жас жігіт бейнеленген. Бұл – политрук Василий Клочков. Жігіт ақ көйлекті кішкентай ақсары қызды тізесіне отырғызған. Суреттің бір шетінде: “Қызымның болашағы үшін де майданға аттанып барамын”, деген жазу бар. Сөздері кәдімгі өлең жолдарындай. Василий Клочков бұл суретті полкке кетер алдында әйелі мен кішкентай қызына (Әльмираға) қалдырған-ды.

– Ол бір ақкөңіл, адал жан еді ғой, – дейді сол кездегі полк комиссары Ахметжан Мұхамедьяров ауыр күрсініп.

..Бір күні Мұхамедьяров 1075-полк партбюросының секретары Астахов екеуі төртінші рота орналасқан жерге келе жатады. Оқта-текте болмаса, мылтық дауысы естілмейді. Сірә, немістер бір сәт тыныс алмақшы болса керек. Ойпанда бір топ жауынгер тұр, кейбіреулері ағаш түбінде отыр; ортадағы Клочков оларға бірдеңе айтып тұрған тәрізді, бірақ сөздері естілмейді. Бұлар жақындап келгенде мынадай тым өрескел, сұмпайы сөздер санқылдап шығады: “Сендердің ша-



руаларың біткен. Москва бәрібір құлайды. Одан да босқа қан төкпендер”, – осы сөздерден кейін Клочков сәл мүдіріп, онан соң сөзін қайта жалғастырды: – “Сендер политруктерің мен комиссарларыңды соққыға жығындар, өздерің қолға түсіндер. сонда ғана өз өмірлеріңді арашалап қаласыңдыр”.

Мұхамедьяров пен Астаховтың денелері түршігіп, төбе шаштары тік тұрды. Бұл қандай сандырақ? Клочков сонда бір десте қағазды қар үстіне лақтырып тастайды да, оны таспен бастырып, сөзін жалғастыра берген:

– Көрдіндер ғой, жолдастар, фашистердің сендерге қандай тағлым айтқанын. Олар сендерді де, сендердің политруктерің мен командирлеріңді де түсінбейді. Біздің армияны да түсінбейді. Сендерге кімді соғындар деп отыр? Мені ме?

Жауынгерлер қарқылдап күлді. Біреуі: “Шіркіннің өнінің жақсысы-ай, ақылыңның тапшысы-ай”, деп келемеждеді.

– Рас айтасың, – деді Клочков, – шынында да бұл келемеждеуге ғана лайық нәрсе. Айтындаршы, “Москва құлайды” деген не сандырақ? Егер алғы шепте біз сияқты жауынгерлер тұрса, ол қалайша құламақ? Бос қиял, құр сандырақ. Солай емес пе, жолдастар?

– Солай, солай! – деп құптады жауынгерлер.

Сол сәтте бұта арасынан Мұхамедьяров пен Астахов шыға келеді. Бұлар амандасып болғаннан кейін, жауынгерлер тарап кетеді де, үшеуі оңаша қалады.

– Бұл істегенің не, жолдас политрук? – деп шытынады Мұхамедьяров.

– Мен не істеппін? – деп таңданады Клочков.

– Сен фашистердің листовкаларын жинап алып, оқымастан, дивизияның саяси бөліміне

тапсыру керек деген бұйрықты білесің ғой. Неге орындамадың оны?

– Иә, бұйрықтың барын білемін, бірақ листовканы тауып алған адам көзінің қиығымен болса да оқиды ғой мұны. Мен мұны жұрттың көзінше оқып, өз арамызда талқылап алуды ұйғардым. Мұнда тұрған жамандық жоқ сияқты.

Иә, жаман шықпағанын Мұхамедьяровтың өзі де көрді. Бірақ бұйрықтың аты бұйрық қой – қатал да өктем болатын... Сонда Астахов өз шешімін айтады:

– Бюрода талқылау керек. Бұл үлкен мәселе. Мұны елеусіз қалдыруға болмайды. Онан соң әркім ойына келгенін істей берсе, не болмақ?!

Мұхамедьяров Астаховтың сөзін қостайды.

– Әрине, талқылау керек, – дейді ол.

Ертеңіне Астахов партия ұйымының бюросында мәселенің жайын, Клочковтың қылығын айтып береді де, сонан соң Клочковтың өзі өуеден тасталған жау листовкаларын кімнің қайдан тауып өкелгенін, мұның өзі жауынгерлерге өбден мәлім болғанын білгеннен кейін олармен осы жөнінде пікір алысуды ұйғарғанын баяндайды да, өзінің кінәлі екенін мойындайды. Осы арада біреу кенеттен Мұхамедьяровты телефонға шақырды. Телефон соққан төртінші ротаның командирі Павел Гундилович екен. Ол арғы беттегі жаудың қарбаласқа түсе бастағанын мәлімдеп, политрукті тезірек қайтару жөнінде өтінші жасайды. Клочковты дереу ротасына қайтаруға тура келеді.

Келесі күні полк штабына Гундилович тағы да телефон соғып, полк комиссарына түнде политрук Клочков бастаған бір топ жауынгердің дұшпан шебіне сыналап өтіп, қаннен қаперсіз жатқан жауға тұтқиылдан тиісіп, оның бір қол

пулеметі мен бірнеше автоматын “олжалап”, бір “тілді” қоса әкелгенін хабарлайды.

Клочков партбюроның екінші рет шақырылған мәжілісінде сабырлы қалыпта отырды, бірақ іштей абыржулы екенін де бет пішінінен аңғаруға болатын еді.

Кезектен тыс сөз алған Мұхамедьяров орнынан тұрды.

– Мәселе айқын, бұйрықтың бұзылғаны анық, – дейді ол. – Мұны Клочковтың өзі де мойындап отыр. Сондықтан оның бюроға шақырылуының өзін оған берілген жаза деп білу керек. Мен мәселе осымен тынатын болсын деп ұсыныс жасаймын.

Ұсыныс бірауыздан қабылданады.

– Маған кетуге бола ма? – деп сұрады Клочков.

– Жоқ, отыра тұр! – деді Мұхамедьяров қатандау үнмен. – Қазір біз сені құттықтайық деп отырмыз...

Ұзамай 4-інші ротаның политругі Василий Клочков Кремльде Михаил Иванович Калининнің қолынан Қызыл Ту орденін алды; сонымен қатар ол 1941 жылғы 7 ноябрь күні панфиловшылар дивизиясы өкілдерінің қатарында Қызыл алаңдағы парадқа қатысты...

## ӨШПЕС ДАҢҚА БӨЛЕНГЕН СНАЙПЕРЛЕР

1942 жылдың күзі еді. Қалың орман ішіндегі ашық алаңда бір топ жауынгер винтовкадан оқ атып машықтануда. Аралығы жүз, екі жүз, үш жүз метр жерге нысаналар орнатылған. Жауынгерлерді атыс өнеріне жаттықтырушы офицерлердің бірі полк комиссары, өзі панфиловшыл-

дар дивизиясына таяуда ғана келгенімен, бұрын басқа майдандарда болып, көп тәжірибе алып ысылған, саяси тәрбие ісін де, әскери өнерді де жетік білетін кісі, әсіресе пистолеттен, винтовкадан жақсы ата біледі.

– Аға сержент Әбдібеков, сізді айтулы мерген деп естідім, нысанаға бірінші боп оқ атып, өнеріңізді көрсетіңіз – деді комиссар.

– Жолдас комиссар, рұқсат етіңіз, Нүсіпбаев екеуміз басқалардың соңынан атайық.

– Неге олай?

– Соңғы кезде тірі нысананы ғана атып жаттығып жүрміз, жансыз нысанадан тосансып қалыппыз, тигізе алмаспыз, – деп Әбдібеков жымып күлді.

– Тірі нысананы қайдан таппақпын, фрицтер бес-алты километр жерде...

– Оқасы жоқ, рұқсат етсеңіз, анау торғайды атайын.

– Жәй мақтан емес пе мұныңыз, ұятқа қалып жүресіз?

– Тәуекел.

Торғай екі жүз метрдей жердегі бұтаның басында отырған, алыстан ноқаттай ғана боп көрінеді. Әбдібеков винтовкасын төске алып, торғайды көздеді. Жұрттың бөрі тына қалған еді. Құлақты жара мылтық дауысы естілгенде торғай ғайып болды. Ұшып кетті ме, әлде жерге түсті ме, ешкім байқай алмады. әлгі орнында тапжылмай тұрып қалған Әбдібековтен басқалардың бөрі ентелеп бұта түбіне жетті. Жұрт, бейне жоғалған инені іздегендей, шұқшиып жерге үнілді. Сөйткенше болған жоқ, шөп арасынан біреу торғайдың қанатын, біреу құйрығын, біреу сирағын, біреу тұмсығын теріп ала бастады. Бармақтай оқ қойсын ба, ұршықтың басындай ғана торғайдан пара-парасын шығарыпты.

– Жарайсың, жігітім, тамаша атады екенсің,  
– деді комиссар жылы лебізбен, Әбдібековты ар-  
қасынан қағып.

– Совет Одағына қызмет етемін! – деп Әбді-  
беков әскери салтпен жауап қайырды.

“Құралайды көзден ататын мерген” атанған  
гвардия аға сержанты Төлеуғали Әбдібековты  
алғаш көргенім осы еді. Сол кезде Төлеуғали мен  
гвардия сержанты Әбіл Нүсіпбаев екеуінің ата-  
ғы бүкіл дивизияға, ол тұрсын Калинин май-  
данына жайыла бастаған-ды. Бұлардың ерлік  
істері, снайперлік, мергендік өнері, қорғаныс ше-  
бінде неміс фашистерін күн санап қырып жат-  
қандығы жайында майдан газеттерінде талай  
рет хат-хабар басылған.

Төлеуғали Әбдібеков орта бойлы, дембелше,  
қара торы, қыр мұрын жігіт, салмақты да сабыр-  
лы, әдепті де сыпайы, сырттан қарағанда жуас-  
тау төрізді, бірақ отша жайнаған қара көздері-  
нен, өткір жанарынан әжеттік пен батылдық-  
тың, пайымшылдық пен зерделіліктің белгісін  
көресің. Қимылы ширақ, оның бой түзеуінде, қарумен айналысуында, жүріс-тұрысында ешбір  
мін жоқ, үлкендерге ізетшіл, кішілерге қайырым-  
шыл, былайша айтқанда, шын мәнісінде әскери  
адам.

Әбдібеков соғыстан бұрын “Мақтаарал” сов-  
хозында жұмыс істеген. Совхозда озат жұмыс-  
шылардың бірі болып, он екі рет сыйлық алған.  
Алдыңғы қатарлы мақташылардың республи-  
калық кеңесіне қатысып, онда өз тәжірибесін  
ортаға салған. 1938-1940 жылдары армияда бо-  
лып, бұрынғыдан да шыңдалып қайтқан.

Төлеуғалидің досы Әбіл Нүсіпбаев сымбатты,  
қара сұр, ат жақты, ашандау жайдары жігіт.  
Соғыстан бұрын бұл да әскери қызметте болып,

көп өнер үйреніп төселген. Өзі Жамбыл облысының Қордай ауданынан, кедей шаруаның баласы. Ол он алты жасында мұрап, он жеті жасында Чапаев атындағы колхоз бригадирі, әрі бастауыш комсомол ұйымының секретары болған. 1936-1937 жылдары қазақ атты әскер полкінде әскери қызметін өтеген. 1938 жылы Халкин-Гол ұрысына қатысып, асқан ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен наградталған.

Төлеуғали мен Әбіл түйдей құрдас, 1942 жылғы майда генерал майор Иван Васильевич Панфилов атындағы дивизияға келгенде екеуі 26 жаста болатын. Ол кезде дивизия Калинин облысындағы Холм қаласының маңында, Ловать өзенінің бойында қорғаныста еді. Сол жылы жазда Оңтүстік майданында неміс-фашист әскерлері Сталинград бағытында қатты шабуыл жасап, еліміздің басына зор қауіп төндіргені мәлім. Осындай қысыл-таяң кезеңде басқа майдандардағы қорғаныс шебіндегі барлық жауынгерлер мен командирлерге күндіз-түні фашистерге дамыл көрсетпей, олардың адам күшін қырып, техникасын кирата беру, сөйтіп, Сталинградты қорғаушы ерлерге көмектесу міндеті жүктелген-ді. Бұл абыройлы міндетті жүзеге асыруда снайперлер қозғалысының маңызы күшті болды. Біздің дивизияда бұл қозғалысқа мұрындық болғандар, сол кездегі жауынгерлердің бейнелі сөзімен айтқанда, алғаш “аңға шығып”, жауынгерлік есеп ашқандар, яғни фашистерді күн сайын бірден, екіден, үштен жайрата бастағандар осы Төлеуғали мен Әбіл еді.

Біз алғаш танысқан кезімізде бұлардың әрқайсысы қырық-елу басқыншыны атып өлтірген болатын. Жасыратыны жоқ, сол кезде кей бір командирлер мен жауынгерлер бұлардың есебі кө-

дімгі аңшыларға төн желіктің әсерімен асыра көрсетіліп жүрген жоқ па екен деп күман келтіретін. Күманданғандардың бірі әлгі комиссар еді. Төлеуғали екі жүз метр жерден торғайға атқан оғын да тигізіп, мұндай күманның орынсыз екенін дәлелдеді.

Снайпер – атқан оғын далаға кетірмей, көздеген нысанасына дәл тигізетін асқан мерген деген сөз. Атқыштардың бәрі бірдей снайпер бола бермейді. Бұған көптеген өнер, айла-тәсіл керек. Бұл өнердің тетігі атқан оғынды дәл тигізуде ғана емес, сонымен қатар өзіңе зақым келтірмей, жауды мүлтіксіз құрту үшін ыңғайлы жерге бекіну, жау көзіне түспестей болып тасалану, салмақты, ұстамды болу сияқты бірсыпыра шарттар бар.

Төлеуғали Әбдібеков пен Әбіл Нүсіпбаев “аңға шыққанда” неше түрлі айла-тәсілді шебер қолданып отырды. Бұлардың күнделікті жауынгерлік өмірінің бір көрінісі мынау.

Бір күні елең-алаңда бұлар шеп басына барып, атыс ұяларына бекінді. Атыс ұясы бір адам отыратын, оқ атуға ыңғайлы шұңқыр, мұны жау жақтан көрінбейтін етіп өсімдікпен тасалаған. Одан шеткерірек жерде жалған бекіністер жасалған, бірақ бұлар шын бекіністей мұқият тасаланбаған, алдан қарағанында үюлі топырағы өсімдік арасынан сарғыштанып көрініп жатады. Атыс ұяларын өзара жалғастыратын кісі бойы ор қазылған, бұл – траншея. Екі мерген жау жаққа көздерін тігіп, тосқауылда жатыр. Бір мезгілде, таң аппақ атып, көк жиектен күннің алғашқы сәулесі нұрын шаша бастағанда, жау блиндажынан бір фашист шыға келіп, керіліп-созыла бастады. Сол мезетте Төлеуғали басып салды. Қалпақтай ұшқан офицері болса керек,

үш неміс қалбалақтап кеп соның басына үймеледі. Құланның қасынуына мылтықтың басуы дегендей, Әбіл мен Төлеуғали тағы да екі немісті сұлатты, үшіншісі жан сауғалап қашып құтылды.

Немістердің бір әдеті, мұндайда біздің шепті пулеметтен, винтовкадан, автоматтан беталды атқылай бастайды. Бұл жолы да олар біздің екі батырдың төбесінен нәсерлете оқ жаудырды. Жау жағындағы осы қарбаласты пайдаланып, олар дереу орын ауыстырды да, оқшаулау, жердегі жалған бекініске барып, немістердің атыс дүрбілені басылғанша сыр білдірмей жатты. Енді екі жақ та тым-тырыс, арада бірнеше минут аңдысумен өтті. Біраздан соң жүректің лоблуын басқан фашистер үлкен сақтықпен өрлі-берлі жүре бастады. Біздің қос мерген оңтайлы кезеңін тауып, жалған бекіністен бір-бірден оқ атып, тағы да екі немісті өлтірді. Тасада жатып қарауыл қараған жау солдатты бұл жолы біздің жігіттер оқ атқан бекіністі әбден анықтап алса керек, фашистер сол бекіністі мылтықтарынан да, пулеметтерінен де, минометтерінен де атқылауға кірісті. Бірақ біздің мергендер жалған бекіністен өлдеқашан кетіп қалған, енді олар шын бекіністе еді.

Маңайдағы жауынгерлер де өздерінің шебінен жауға еселеп жауап қайырды. Ақырында, екі жақтың да атысы тыйылып, қайтадан тұрлаусыз тыныштық орнады. Бұл жолы толас көпке созылды, өйткені немістер өте сақ болып алған, қылт еткен біреуі де жоқ. Бірақ көзге көрінбейтін тасадан олардың да атқыштары, пулеметшілері біздің адамдарды аңдып жатқаны анық еді. Сонда біздің мергендер екінші бір амал қолданды.

– Әбіл, қол арба қайда? – деп сұрады Төлеуғали дауыстап.



–Окоптың арғы шетінде, – деген жауап естілді.

–Фрицтерді желіктірсек қайтеді?

– Жарайды.

Қол арба снайперлердің өздері ойлап тапқан айласы еді. Енді соны пайдалануға кезек келді. Әбіл траншея ішкімен жүгіріп барып, қол арбаға таяқ орнатты да, оның басына каска кигізді. Сөйтті де, қол арбаны өрлі-берлі жайлап сүйрей бастады. Траншеядан сәл ғана қылаңдап көрінген касканы жылжи бастауы ақ мұң екен. мұны тірі адамға балаған фашистер әр жер-әр жерден оқ атуға кірісті, тақылдаған пулемет үні де естілді. Төлеуғалиға керегі де осы болатын. Қырағы көзі жаудың бірнеше атыс ұясын анықтап ажыратты. Бір түп ағаштың тасасынан оқ атып жатқан фашистердің пулеметі мен пулеметшісін байқады. Оғы таусылған магазинін ауыстырмақ болса керек, пулеметші сәл көтеріліп, пулеметінің үстіне артыла бергенде, екі қолы ербең етіп, құлаған теңдей ауып түсті. Әбдібековтың пайлап атқан оғынан оның тіл тартпай кеткені аян еді. Төлеуғали екінші оғымен тағы бір немісті жайратып үлгірді. Қол арбаны тастап, бекінісіне келіп жеткен Әбіл де ұпайын жібермей, екі фашисті мүрдем кетірген еді. Бір күн ішінде тоғыз фашистің көзі жойылып, оның бесеуі Әбдібековтың есебіне жазылды...

Бұл екеуінің жауынгерлік есебі осылайша күн сайын есе берді. 1943 жылы көктемге салым жүргізілген бір қатты ұрыста Төлеуғали Әбдібековтың ерен ерлігі тағы да жарқ етіп көзге түсті. Бұл жолы өзінің снайперлік винтовкасынан он шақты немісті атып өлтірген еді. Осы ұрыста жау автоматының оғынан ауыр жараланған Төлеуғали госпитальге жіберілді, бұл

кезде оның бір өзі жойған жау солдатты мен офицерінің саны екі жүзден асқан болатын. Оның досы Әбіл Нүсіпбаев сол жылы жазда панфиловшылдар делегаттарының бірі болып Алматыға барып қайтқаннан кейін, командирлік оқуға кетті; бұған дейін ол 105 немісті құртып үлгірген-ді.

Бірнеше айдан соң Төлеуғали жарақатынан айығып, дивизияға қайтып келді. Дивизия мен полк басшылары оны да офицерлік курске жібермекші болғанда, Төлеуғали:

– Оқу ешқайда қашпас, алдымен туған жерімізді арам жаудан азат етуіміз керек қой, – деп жауап қайырды.

Сөйтіп, ол өзінің ардақты да абыройлы ісіне жаңа жігерімен кірісті. Дивизияда Төлеуғали Әбдібеков снайперлер қозғалысының шын ұйытқысы, жетекшісі болды десек, мұнымыз асыра айтқандық болмайды. Неміс-фашист басқыншыларын күн санап оққа ұшырумен қатар, ондаған жас жауынгерлерді өз өнеріне үйретіп, баулып өсірді: олардың ақылшысы, ұстазы болды. Кейін нағыз снайперлер атанған өзбек Мадаминов, қырғыз Османәлиев және басқалар Төлеуғалидің шәкірттері еді.

Шеп басында Төлеуғали жауға жанадан “кезиге” бастаған жас жауынгерлерді салмақты да сабырлы, әрі айлакер болуға үйретті.

– Жауды көздегенде аптықпа, саспа, қолын әнтек қалтыраса болғаны оғың тимей кетеді. Әдепкі оқ атқан жерінде көп бөгелме, жалмажан орынды ауыстыр, өйткені жау көзіне түсіп қалуың мүмкін. Бір рет қолданған айланды соның артынша қайталама, жауға сырыңды алдырып қоясың, – дейтін ол.

Қолы бос кезінде, әсіресе кешкі уақыттарда жауынгер достарының өтініші бойынша өз тө-

жірибесінен өңгіме шертетін. Есімде қалған көп өңгімелерінің бірі мынау.

– Өркімнің басында қателік бола береді. Менің өзім тапа-тал түсте атқан оғымды екі рет мүлт жіберіп алдым. Қалайша дейсіз ғой? Бір жолы пулеметінің түбінде күйбендеп жүрген фашисті қақ маңдайдан дәл көздеп-ақ атып едім, оғым жаудың сол жақ шекесі тұсынан жанай тиіп, тек каскасын жұлып кетті, фашисттің өзі тірі қалды. Мұнысы несі? – деп таңдандым ішімнен. Ойлап қарасам, тимеуінің себебі бар екен. Сол күні солтүстік жақтан қатты жел соғып тұрған еді. Мен мұны ескермедім. Өзіме бұл бір үлкен сабақ болды. “Желді күні оқ атқаныңда желдің екпінін есепке алу керек, өйтпесе оғың өнтек “ықтап” кетеді екен” деп түйдім. Екінші жолы арғы жақтан бір талды паналап, біздің шепті дүрбімен шолып тұрған жау офицеріне атқан оғым төбесінен асып кетті. Мұның себебін іздестірsem, екі аралықты дұрыс мөлшерлей алмашын, прицелді үш жүз метрдің орнына төрт жүз метрге қойып атыпшын. Бұл да үлкен сабақ болды. “Оқ атудан бұрын екі аралықты көзбен дұрыс мөлшерлей білу керек” дедім өзіме.

1943 жылғы жазда панфиловшылар делегациясының құрамында Алматыға келген сапарында “Төсіл, айла, тапқырлық” деген тақырыппен “Социалистік Қазақстан” газетінде жарияланған мақаласында Әбіл Нүсіпбаев былай деп жазады: “Мерген болу онай емес, ең арғысы аң аулауға да шеберлік, төсіл айла керек. Айланды асырып, төсілінді жетілдіріп, тапқырлық жасамасан, қоянды да қолға түсіре алмайсың. Мерген аталарымыз жалғыз қурай жамылып, бір бұтаның тасасын қалқан қылып атады екен. Оның үстіне дәл атуда, жайласып жатуда, көз ұшын-

дағы нысананы дәл мөлшерлей білуде де көп мән бар...”

Дивизияда қазақ халқының ардагер ұлы Төлеуғали Әбдібековтың есімін білмейтін, оның ерен ерлігіне сүйсінбейтін бірде-бір жауынгер, бірде-бір командир жоқ еді. Гвардияшылар ортасына жаңа келген жас түлектерді атыс өнеріне машықтандырушы командир: “Әбдібековтей асқан мерген бол” деп әр жауынгерге оны үлгі ететін. Саяси жетекші ұрыс алдында немесе толас кезінде жауынгерлермен өңгіме өткізгенде, атақты мергеннің ерлік істерін баяндай келіп: “Әбдібековтей батыр бол, өз Отаныңды Әбдібековтей сүйе біл, жауға сондай мейрімсіз бол” деп үйрететін. Төлеуғалидің жауынгерлік даңқы, снайперлік атағы дивизия шеңберінен асып, бүкіл Калинин майданына, тіпті Совет армиясының өзге де бөлімдеріне жайылды. Дивизия, армия, майдан газеттері тұрсын, орталық “Правда”, “Красная звезда”, “Комсомольская правда” газеттері, өз республикамыздың баспасөзі батыр жауынгердің тұлғасы мен сипатын, өнері мен тәжірибесін бейнелеп жазды.

Дивизия қорғаныста болған екі жылдың ішінде снайперлер тобы қаулап өсіп, атыс өнеріне кәміл жетілген осы мергендер жаяу әскерлермен, артиллеристермен, минометшілермен, пулеметшілермен қатар айбарлы күшке айналып, жаудың құтын қашырып отырды. Қысқаша ұрысқағыс кезінде де, жаумен екі арадағы ерсілі-қарсылы атыс кезінде де снайперлер өз бөлімшелерімізбен бірлесе қимылдап, жағаласқан жаудың күшін күн санап әлсірете берді. Барша батыр жауынгерлеріміздің, оның ішінде даңқты мергендеріміздің осындай ерлік істері кейін панфиловшылдар дивизиясының басқыншыларды күйрете шабуылға көшуіне мүмкіндік берді.

Батыр мергендеріміздің тізесі жауға қаншалық қатты батқанын 1943 жылдың күзінде қолға түскен фашист унтер-офицерінің төмендегі жауабынан да анық көреміз.

– Осы өңірде, – деді тұтқын неміс, – біз өте мөте орыс снайперлерінен қатты зардап көрдік, талай-талай солдаттарымыз бен офицерлерімізден айрылдық. Олар дәл атады, оқ тигендердің бірен-сараны ғана жараланып, көбі табанда тіл тартпай кетеді. Әрқайсымыз минут сайын тітіреп, бас көтеруге де қорқамыз. кейде түзге отыруға да зар боламыз...

Екі жылдың ішінде 397 фашисті атып өлтірген Төлеуғали Әбдібеков “құралайды көзден алатын мерген” атанумен бірге жалынды үгітші де болды. Жауынгерлер бас қосқан жиындарда, ұрыс аралығындағы немесе жорықтағы тыныс кездерінде өнегелі коммунист әсерлі де өтімді сөзімен майдандас достарын сұм жаудан жерімізді тез азат етуге, одан өш алуға шақыратын-ды.

1943 жылғы октябрь айында дивизия шабуылға әзірленіп, төрт күн ішінде 230 километр жерге жорық жасады. Біздің бөлімдер соның алдында азат етілген Великие Луки қаласын басып өтетін еді. Дивизия саясат бөлімі осыны пайдаланып, қираған қала ортасында кекті жиын (митинг) өткізді. Сонда Төлеуғали Әбдібековтың мыңсан жауынгерлер алдында жүрек тебіренге сөз сөйлегені есімізде.

– 1939 жылы әскери қызметімді нақ осы қалада өтеген едім. Көрікті әсем қалалардың бірі еді бұл. Шаттыққа бөленген мыңдаған совет адамдарын көріп ем бұл қаладан. Енді бұрынғы әсем қаланың орны жатыр, өзі жоқ. Мұны ойрандап, жермен-жексен еткен айуан фашистер. Барлық сойқаны мен зұлымдығы үшін, қалаларымыз бен

селоларымызды қиратқаны үшін гитлершіл жауыздардан кек алуға ант етейік, жолдастар!

1944 жылғы шабуыл ұрыстарының бірінде гвардия жауынгері комсомолец Григорий Пастольников Совет Одағына данқы жайылған Александр Матросовтың өшпес ерлігін қайталап, қаза тапқан еді, өзінің батыр бауыры сияқты, ол да фашист пулеметін кеудесімен жауып, панфиловшылардың алға басуына жол ашқан еді. Пастольниковтың қабыры басында да Төлеуғали топты жауынгерлер алдына ер інісінің өлімі үшін жаудан кек алуға ант етті.

Әдетте Әбдібеков қазақ, қырғыз, өзбек жауынгерлерімен қазақша әңгіме өткізетін. Төлеуғали сөзге шебер еді. Салмақты қоңыр дауысымен, ырғақты майда лебізімен, мәнерлі сөзімен тындаушыны еліктіріп әкетер еді.

– Адамның өміріндегі ең қымбаттысы арнамыс. Арыңнан аттама, намысыңды қолдан берме дейді халық. “Жаным – арымның садақасы” деген мақал да бар қазақта. Майдандағы ер-азаматтың бәрі, осы отырған әрқайсысымыз қасық қанымыз қалғанша намыс үшін, халқымыздың бақыты мен ең дөулетін жауға таптатау үшін күресуге тиіспіз. Жан бар жерде қаза бар, бөлкім, кейбіреулеріміз мерт болармыз да, бірақ тірі кезімізде қарманып қалайық, жаудың бірін ғана емес, оның жүзін өлтірейік. Ондай өлімде екінші жоқ, – дейтін ол.

Өшпес даңқа бөленген ержүрек панфиловшылардың бірі, атақты мергеніміз Төлеуғали Әбдібековтың адамгершілік бейнесі мен жауынгерлік тұлғасы, үлкен әңгіме-дастанға тақырып боларлық ерлік істері мен асқан өнері, қысқаша шолып айтқанда, осындай.

1944 жылғы 22 февральда, Совет Армиясының 26 жылдық мерекесі қарсаңында Төлеуғали

Әбдібеков Бур дейтін деревняға жасалған шабуыл кезінде снайперлік винтовкасынан екі немісті өлтіріп, өзі ауыр жараланған еді, сол күні кешке аяулы досымыз көз алдымызда қаза болды.

Төлеуғалидің қабірінің басында жауынгер достары оның ерлік өнерін, батырлық салтын берік сақтауға, фашист қарақшылдарды Әбдібековше қыруға, Отанымыздың жерін жаудан біржолата азат етуге ант етті.

Төлеуғалидің снайперлік винтовкасы сол қабір басында өзінің тандаулы шөкірттерінің бірі қырғыз халқының адал ұлы Әшіралы Османәлиевке тапсырылған еді. Әшіралы бұл винтовкадан ондаған немісті атып өлтіріп, өз ұстазының өлімі үшін жаудан мықтап кек алды. Қазір Төлеуғали Әбдібековтің ТВ 2916-номерлі снайперлік винтовкасы Алматы музейінде сақтаулы.

Өзінің атақты батыр ұлы, данқты мергеніміз Төлеуғали Әбдібековтың жарқын бейнесін халқымыз әрқашан жадында сақтап, есімін қастерлеп отырмақ! Отаны үшін отқа түскен басқа да мың-сан ардагер азаматтарымыздың қатарында оның асқан ерлік істері ұрпақтан ұрпаққа өшпес өнеге болып қала бермек!

## **ГВАРДИЯШЫЛАР ӨЗДЕРІНІҢ ҚАРУЛАС ДОСТАРЫ ТУРАЛЫ**

*“Қазақстан коммунисті” журналында 1965-1983 жылдары басылған естеліктерден қысқартылып алынды. Материалдар жарияланған мерзімдері ретімен беріліп отыр. Кейбір материалда автор қажеттігіне қарай тиісті түсініктеме берген.*

*Гвардия майоры, панфиловшы Балтабек Жетпісбаев “Қазақстан коммунисті” журналының 1965*

*жылғы 5-номерінде жарияланған "Батырлық пен тапқырлық өнегесі" деген естелігінде 1942 жылдың бас кезінде фашистік әскер бөлімшілеріне қарсы жүргізілген бір ұрыстың барысы мен нәтижесін былайша баяндайды:*

"Сол бір қаһарлы күндерден бері бірталай уақыт өтті. Ұлы Отан соғысы жылдарында шыр етіп жерге түскен нәресте бүгінде ер жетіп, ат арқасына мініп, еліміздің азаматы болды. Оқ пен от қарыған далаларға қайтадан жан кіріп, жайқалған көк майса шалғынға, шалқыған егін жайға айналды; қираған қалалар мен селоларда қайтадан өмір гүлдеп, бүлдіршін бөбектердің мұңсыз күлкісі сыңғыр қақты. Бірақ совет халқының Ұлы Отан соғысындағы өшпес ерлігі ешқашан ұмытылмақ емес, ғасырдан ғасырға жетіп, қасиетті дастандай ел жүрегінде, ұрпақ санасында мәңгі жасай бермек.

Мен бұл шағын естелігімде панфиловшыл жас түлектердің жау тылына өтіп алып, неміс-фашист басқыншыларын қалай жамсатқаны туралы аз ғана сыр шертпекпін.

Неміс-фашист әскерлері Москва түбінде талқандалғаннан кейін біздің 1075-інші атқыштар полкі тың күшпен толықтырылып, жарақтандырылып, жана ұрыстарға өзірленуде болатын. Бізге жаңа жасақтың келіп қосылуына байланысты полк командирі Илья Васильевич Капров жас түлектерді панфиловшылдар қатарына келіп қосылуына байланысты шын жүректен құттықтады.

Полктегі жауынгерлер құрамының тең жартысы дерлік комсомолец жастар еді. Міне осылардың өсіресе жаңа келгендердің арасында төрбие жұмысын көбірек жүргізуге тура келеді. Ең алдымен, байырғы солдаттардың жас жауынгер-



лермен кездесулерін ұйымдастырдық, полктің ерлік дәстүрлерімен таныстырдық. Бұл ретте Москва түбіндегі ұрыстарда асқан ерлік көрсеткен жауынгерлердің үй-іштеріне, туған-туысқандарына полк әскери басшылары жолдаған хаттар жастарға үлкен әсер етті. Бұл хаттарда, мәселен полк штабының бастығы коммунист Иван Манаенконың, пулеметші комсомолец Самжан Глеуқабыловтың, тамаша барлаушылар аға лейтенант Иван Нохрин мен қатардағы жауынгер Інкәрбала Иманбековтың, зеңбірекші сержант Тереховтың және басқа ондаған тастүлектердің қаһармандық қимылы, тапқырлығы мен шеберлігі баяндалған-ды. Әрине, 28 гвардияшының Дубосеково разъезі түбіндегі таңғажайып ерлігі жайындағы әңгіменің тәрбиелік маңызы ерекше болды. Мәселен, сол ерен ерлердің жетекшісі Василий Ключковты білетіндер біздің полкте көп еді.

Жауынгерлердің патриоттық сезімі мен рухын көтеру мақсатында біз Қазақстан еңбекшілерінің майдангерлерге арнап жазған хатын да кеңінен пайдаландық. Бұл хат дивизияның барлық бөлімшілерінде оқылды. Панфиловшылдар республика абыройына дақ түсірмейміз, алдағы ұрыстарда неміс-фашист басқыншыларын аяусыз қыра береміз деп ант етті.

Көп ұзамай 8-інші гвардиялық атқыштар дивизиясы майдан шебін бұзып өтіп, гитлершілер армиясының үлкен бір тобын бөліп тастауға, сөйтіп қандыбалақ қарақшы жаудың ту сыртынан тұтқиылдан соққы беруге бұйрық алды. Панфиловшылдар қырық градус қызылшұнақ аязда қалың қарды қақ жарып, жорыққа аттанды. Отанға деген ыстық ықылас, жауға деген өшпенділік жауынгерлердің, командирлердің адам айтқысыз қиыншылықтарды жеңіп шығуына дем

берді. Азабы мен бейнеті мол бұл жорықты ой-дағыдай атқарған біздің полк Старая Русса қаласының оңтүстік-шығыс жағына орналасып, дивизияның екпінді күші ретінде ұрысқа өзірленді.

Біздің полк қалың орман ішінде бекінген-ді. Жауынгерлер ағаш бұтақтарынан күркелер жасап, ошақ қазып, от жағып, тамақ пісіріп ішті. Түнге қарай аяз қатая түсті. Енді от жағуға болмайды, өйткені аспан өлемін шарлап жүрген жау самолеті аз емес-ті. Сол түні полк командирі маған және барлаушылар взводының командирі Бахтияр Мендіғазинге мынадай тапсырма берді:

– Аяқтарыңа шаңғы байлап, үстеріне ақ халат киіндер де, түн ішінде жау тылына өтіңдер. Содан кейін сағат төртте Ново-Свинухово селосына бекінген дұшпанға ту сыртынан тұтқиыл соққы беріндер. Дәл осы мезгілде екінші батальонның басқа эшелоны селодағы жауға солтүстік-шығыс жақтан келіп тиіседі. Сендерге қосымша күш ретінде бір ПТР (танкке қарсы ататын қару) бөлімшісі мен бір станокті пулемет беріледі, – деді полковник Капров...

Сағат түнгі төрт. Шабуыл бастауға берілетін белгі – пулеметтен атылатын бір дүркін оқ.

Комсомолец Василий Минаев пулемет тұтқасын басып-басып жіберді. Сол заматта взводтың басқа жауынгерлері де автоматтары мен винтовкаларынан оқ жаудырды. Қорғасын құсып, от шашқан пулемет күдіреті бір сәтке жауды бас көтертпей тастады. Осыны пайдаланып, біз дереу селоға келіп кірдік. Көше-көшеде кескілескен ұрыс басталды. Сол кезде Ново-Свинуховоның солтүстік шығыс жағынан екінші ботольонның төртінші ротасының жауынгерлері мен полк автоматшылары лап қойды. Бас-аяғы бір сағаттың ішінде селоны жаудан толық тазарттық.

Фашистердің гарнизоны түгел қырғынға ұшырады, дұшпанның 28 солдаты тұтқынға алынды, он бес автомашинасын, азық-түлік және оқ-дәрі қоймаларын олжаладық.

Әдетте елді мекенде атыс-шабыс дүбірі басылғаннан кейінгі жерде тіршілік тынысын бірінші болып танытатын – балалар. Таң атып, айнала-төңірек әбден жарық болған сәтте біз орналасқан үйдің қамбасынан бір баланың бұйра шашы жылтың ете қалды. Бала таяудағы бір жауынгердің құлақшынындағы қызыл жұлдызын көрген заматта:

– Балалар! Біздің адамдар! – деп айқай салды да қамбадан жүгіріп шықты. Оның сонынан он шақты бала шұбырды, олардың жүздерінен үрей белгісі жоғалып, қуаныш нышаны біліне бастаған еді. Бәрінің де үсті-басы алба-жұлба, өздері жалаң аяқ, жалаң бас. Бізді жатырқамай, шүпірлеп қасымызға келді. Бізге бар мұңын шағып, шерін тарқатқысы келгендей, үнсіз мойнымыздан құшақтап, кеудемізге беттерін басып, көңілімізді босатты. Осындай бейқуна балдырғандардың өміріне сұғын қадап, қанды шенгелімен бүрген зұлым жауға деген өшпенділік оты бәріміздің өзегімізді өртеді...

Ново-Свиногово мен Подцепочьені азат еткеннен кейін біз Трошково мен Бородино селолары үшін ұрысқа өзірлендік. Бұл қыстақтар Соколово деревнясына баратын тас жолдың бойында болатын.

Капитан Гундилович пен политрук Трофимов бастаған екінші батальон және политрук Мәлік Ғабдуллин бастаған автоматшылар ротасы түнгі сағат екіде Бородинода бекінген фашистерге шабуыл жасады. Онда “Өлім сепкіш” атты СС (яғни баскесерлер) полкі болатын. Кескілес-

н ұрыс жүргізілді. Айналаны жалын жалап, қарыды. Ақыр-сонында гвардияшы панфишпылдар өншен жеңдеттерден құрылған полк-іржолата талқандап, селоны азат етті. Полк мандирінің орынбасары гвардия капитаны уыржан Момышұлы басқарған бұл ұрыста ет жауынгерлері жапшай ерлік көрсетті. Айқша көзге түскендердің бірі бұрынғы Лениножұмысшысы Төлеген Тоқтаров болатын. Жанды комсомолец автоматынан оқ жаудырып, аған фашисті мүрдем кетірді. Батырдың өзі сы ұрыс кезінде қаза тапты...

Қауды өкшелей полк бас-аяғы екі күннің іде бірнеше елді мекенді, соның ішінде Поджий аудан орталығын азат етті. Үшінші күні льон Каменка селосына түнгі сағат екіде бакіріп, сонда бекінген жауды құрту жөнінде ық алған-ды. Біз батальон комиссары Мәлік уллин екеуміз колоннаны бастап келе жатыз. Жүрісіміз өнер емес, өйткені дұшпан бойын да, орманның жағалауын да миналап эн.

тн тастай қараңғы. Арқадан аяз өтіп, алды-ұйытқи соққан жел, көз аштырмайды. Бөомбылап келеміз. Кенет жортуылдап алда жатқан бір жауынгер, одан соң екіншісі көмулі минаға кезігіп, мерт болды. Бәріміз оқтадық.

қ сол кезде астында ақ боз аты, қасында пысы бар полк командирінің орынбасары ужан Момышұлы жетіп келді.

е боп қалды? – деп сұрады ол менен.

лдыңғы жақты жау миналап кеткен екен, идатымыздан айырылды. Саперлер әлі кеткен жоқ, – дедім мен.

емене жаныңды қимай тұрсың ба? – деп жан маған сұстана бір қарады да, атына

қамшыны бір басып орман жаққа қарай шоқыта жөнелді. Сәлден соң қайта келіп, колоннаның басына тұрды да:

– Еріңдер сонымнан! – деп бұйырды.

Деревнядағы жау әбден бекініп-ақ алған екен. Селоға кіретін жолдың бойына пулеметтерін құрып тастаған. Тіпті әр үйдің шатырын да, қамбасын да, көмбесін де оқ жаудыратын атыс ұяларына айналдырған.

Аға лейтенант Наурызбай Сыздықовтың ротасы қарша бораған жау оғына тап болып, лажсыз бөгеліп қалды. Сонда мен батальон командирі Гундиловичке орманнан орағыта өтіп, жауға ту сыртынан тиісу керек деп ұсыныс жасадым да, өзім осы айланы жүзеге асыру үшін Анатолий Зайцевтің бөлімшесін бастап жүруге тілек білдірдім.

Біз қаранғы түнді жамылып, шаңғымен жорық жасап, сай-саланы паналап, деревняның арғы жағына өттік. Бар назары Сыздықовтың ротасында болған гитлершілдер мұны сезген де жоқ. Біз тасадан жаудың атыс ұяларын әбден анықтап алдық та, лезде екі пулеметін жойып жібердік. Фашистер біздің жаққа бет алды оқ жаудырды. Біз паналаған сарай өртене бастағанда дереу басқа жерге ауысып, жауға сыр білдірмеу үшін біраз дыбыссыз жаттық. Оның үстіне пулеметші Тайжан Рүстемов жараланып қалды да, оның орнына сержант Зайцев пулеметтің түбіне жетіп барды. Осынау мезгеулік тынысты пайдаланған гитлершілдер қайтадан бізге қарай лап қойған еді, оларды Зайцев қарша бораған пулемет оғымен жамсата бастады.

Нақ осы кезде біздің негізгі күштеріміз жау шебін бұзып өтіп, селоға басып кірген еді. Екі оттың ортасында қалған фашистер аласұрып,

жанталаса бастады. Бірақ қайда қашса да, бірде-бір дұшпан аман құтылған жоқ. Ұрыс даласында жүздеген гитлершілдің өлігі қалды; жаудың 8 автомашинасын, көптеген қару-жарағын қолға түсірдік...”

*Даңқты 28 гвардияшыларды шыңдал шығарған полктің комиссары Ахмеджан Мұхамедьяров журналының 1966 жылғы 12-номерінде жарияланған “Өшпес ерлік шежіресі” атты естелігінде былай деп жазады:*

“Москва түбінде фашист өскерлерін талқандаудың тарихи маңызын айтып жеткізу қиын. Нақ осы шайқаста Гитлер армиясы жеңілмейді деген аңыздың күлі көкке ұшты; жаудың “қауырт соғыс” жоспары жүзеге аспай қалды. Бұл тарихи шайқаста генерал Иван Васильевич Панфилов басқарған 316-ыншы атқыштар дивизиясы өшпес данққа бөленді.

Москва түбіндегі шайқаста генерал Панфиловтың өскери шеберлігі мен ұйымдастырушылық қабілеті айқын танылды. Ол дивизия жауынгерлерін ерлік күреске шыңдап, жауға еселеп соққы беру, қайтпас қайсарлық рухында төрбиеледі. Сонымен қатар дивизия 30-ға жуық ұлттар өкілдерінен құралған нағыз интернационалдық құрама еді. Дивизияның командирлері мен саяси қызметкерлерінің дені алматылықтар болатын. Дивизия қатарында бір мыңға жуық коммунист бар-ды.

1941 жылғы октябрь айында “Булычево” совхозы мен Игнатьевка деревнясының маңында 1075-полк жауынгерлері алғаш рет дұшпанмен кескілескен ұрыс жүргізді. Бұл ұрыста коммунистер мен комсомолецтердің жетекшілік ролі айрықша көзге түсті.

16 октябрь күні болған ұрыста қатардағы жауынгер, үгітші коммунист Самжан Тілеукабылов жауынгерлерді бастап, жауға қарсы ұмтылған бетте бір танкті гранатасымен қиратты, бірнеше фашисті атып өлтірді. Батырдың өзі де осы ұрыста мерт болды. Полктің штаб бастығы капитан И. М. Манаеко бір топ жауынгерлермен бірге фашистердің екі танкін қиратып, бірнеше солдатын өлтірді.

1941 жылғы октябрьдің орта шенінде командир Михаил Лысенко мен комиссар Михаил Анашкин бастаған бірінші батальон күші үш есе басым жаумен шайқасып, оның жолын бөгеп тұрды.

Полктің сергек те сезімтал политругі Мәлік Ғабдуллинді қарамағындағы солдаттар жанындай жақсы көретін. Осынау қыз мінезді жігіт алғашқы шайқастың өзінде-ақ қайтпас қайсар екенін танытты.

Октябрь айындағы ұрыстардың бірінде Мәлік он шақты жауынгермен бірге жаудың қоршауында қалып қояды да, фашистермен нағыз батырларша шайқасып, жаудың қанды құрсауын бұзып шығады.

Комсомолец жастардың сүйіктісі, полк комсомол бюросының секретары Балтабек Жетпісбаев та ержүрек жігіт болатын. Ол “Булычево” совхозының түбінде болған ұрыста жаудың бір танкін шумақты гранатамен қиратты. Комсомол жетекшісінің бұл ерлігі жауынгерлерге күшті дем берді. Гусеново деревнясы үшін болған ұрыста Балтабек оққа ұшқан рота командирінің орнын басып, 6 танкімен шабуылға шыққан фашистердің бетін қайтарды. Осындай ерлік істері үшін полк жауынгерлері Жетпісбаевты “Батальонный Балтабек”, яғни “Батыр Балтабек” деп атап кетті.

1941 жылғы 16 ноябрьде Дубосеково разъезінің маңында болған ұрыста рота политругі Петр Вихрев жаудың бір танкін өртеп, 30 солдатты мен офицерін жер жастандырды. Осы ұрыста батыр коммунистің өзі де ерлікпен қаза тапты.

Нақ сол күні жетінші ротаның командирі Дервянко мен политругі Аманбек Жаманбаев, басқа бір ротаның политругі Манап Мусин, бұдан кейінгі ұрыстарда коммунистік партия мен халқымыздың басқа да көптеген адал ұлдары Отан үшін қаза тапты.

Қысқасы, коммунистердің жетекшілік ролі мен өнегелі істері зұлым жауға қарсы қанды шайқаста совет жауынгерлеріне өрқашан күшті дем беріп отырды”.

*Журналдың, нақ сол номерінде “Майданда шындалған достық” деген тақырыппен жарияланған мақаласында Кеңес Одағының Батыры Мәлік Ғабдуллин былайша сыр шертеді:*

“Москва түбіндегі шайқаста совет жауынгерлерінің майданда шындалған өзара достығының күші орасан зор рөл атқарды. Совет жауынгерлерінің ұрыс кездерінде жүрек қанымен жазып, өздері үшін жақсы салтқа, ерлік дәстүрге айналдырған сан алуан ережелері бар. Солардың бірі – жауынгер жолдасың үшін жан аяма, өзің өлімге барсаң да, жолдасыңды ажалдан құтқар деген қағида. Бұдан совет адамдарының бір-біріне деген достығы, бауырмалдығы, жан аяспас жақындығы айқын сезіледі.

Фашистік басқыншылар өуелгі кезде “осы оғыста совет адамдарының арасында ұлт аразығын тудырамыз, оларды бір-біріне айдап салаыз, сөйтiп қырғынға ұшыратамыз” деп лепiрдi. iрақ олардың бұл сандырағынан түкте шықпды. Мызғымас достық пен өзара туысқандық



көмек рухында тәрбиеленген совет адамдары өздерінің достығын майдан шебінде онан өрі шындай түсті. Совет жауынгерлері, әртүрлі ұлт өкілдері дүние жүзін тандандырған таңғажайып ерлік үлгісін көрсетті.

Мәселен, фашистер самолеттерінен майдан шебіне тастаған листовкаларында, үндеу хаттарында ұлттарды бір-біріне, әсіресе өзге ұлттар өкілдерін орыстарға қарсы қоюға тырысты.

Соның бір мысалы мынау. Москва облысына қарасты “Булычево” совхозының маңында біздің қорғаныс шебімізге өктеп келген фашистер танкілерімен біздің окоптарды біраз таптағаннан кейін, совет жауынгерлері есеңгіреп қалды, енді олардың қарсыласар дәрмені жоқ деп ойлаған болуы керек, жаудың бір офицері машинаның қақпағынан мойнын қылтитып: “Орыстар, қаруларыңды тастандар! Енді қапұт болдыңдар. Ал қазақтар мен қырғыздар, үйлеріңе қайтыңдар!” деп айқайлады. Сол кезде қазақ солдаты Самжан Тілеуқабылов дереу орнынан ұшып тұрды да; “Мә, саған, қапұт” – деп қолындағы гранатасын лақтырғанда танк гүрс жарылды, тағы бір гранатамен екінші танкті жер табандатты. Самжанның осы ерлігімен жігерленген совет жауынгерлері біздің окоптарға өңмендеп келген фашистерді жойып жіберді...

Екінші мысал. 1942 жылғы февраль айында Калинин майданына қарасты, Ловать өзенінің бойындағы Чикунова селосы үшін болған ұрыста бөлімше командирі сержант Александр Ковалев қатты жаралағанды. Нақ сол мезетте жауынгер Панченко жаралы сержантқа қарай еңбектей жөнелген еді, оның өзі де оққа ұшты. Мұның ізінше өзінің жаралы досына көмекке ұмтылған чуваш жігіт Мурзин де жараланып қалды. Сол

кезде менің қасыма қазақ жауынгер Інкөрбала Иманбеков жетіп келді.

– Жолдас политрук, Коволевті құтқаруға енді мен барайын, рұқсат етіңіз, – деді ол.

Ақ халат киген Інкөрбала еңбектеп ілгері кетіп барады. Бөріміз одан көз алмай қарап жатырмыз. Фашистер әлі де оқ жаудыруда еді. Жаудың миналары да жарылып жатқан болатын. Інкөрбала бұған қарамастан, жер бауырлай жылжып, Ковалевке жетті де, оны арқалап алып, кейін қарай беттеді. Жау оны атқылай берді. Сонда біздің гвардияшылар өз қаруларынан – винтовкалары мен автоматтарынан, минометтері мен пулеметтерінен – фашистердің төбесінен тажал төндіріп, жаралы сержант пен Інкөрбаланың өз шебімізге аман қайтуына көмектесті”...

*“Шайқастарда шыңдалдық біз” деген әңгімесінде (Қазақстан комунисі, №5, 1970) жазушы Бауыржан Момышұлы былайша сыр шертеді:*

“Офицерлік шинелімді шешкенге кейбіреулер мені әскерден біржола кетті деп ойлайтын шығар. Жоқ, мен әлі көдімгі жауынгерлік саптамын. Отставкадағы полковникпін, бірақ отставкадағы азамат емеспін. Көңілім де, жүрегім де сонау сұрапыл жылдардағыдай сергек. Жанымдағы жалын басылған жоқ, көзімдегі от лапылдаған ыстық күйінде. Соғыс жөнінде сөз қозғалса, қаным қайнап, бауырқанып-бұрсанып, қалаған кезде атып тұруға өзірмін. Өйткені ажал мен арпалыс мені, өзімнің қандыкөйлек майдандас бауырларымды осыған үйреткен. Кір жуып, кіндік кескен жерімнің, туған елімнің ежелгі азаматтық, адамгершілік салты мені осылай тәрбиелеген. Мен қан майданда өлімді жеңген, өресі биік өрен ұрпақтың, қайтпас қайсар қаһарман ұрпақтың

өкілімін. Сондықтан толғана шертер сырым, әрқашан айтар әңгімем – сол замандастарымның ерлігі.

Адалдық пен арамдық, ерлік пен ездік ел басына күн туған үлкен сын үстінде сарапқа түседі ғой. Майданда мен батальон командирінен полк, дивизия командирлігіне дейін көтерілдім. Отан соғысының отын кеше жүріп, талай рет хас батырды да, еменнің иір бұтағындай илуді білмейтін мәртті де, шорт сынар шатақты да, қоян жүрек қорқақты да көрдім. Тарихтың таразысына тартылып, қатал сынға түскен қатерлі де қауырт шақта алуан түрлі адуын мінез бой көрсетті ғой. Қорқақты қайтеміз, адамдықты, адалдықты айтайық та.

1941 жылдың 26 ноябрь күні маршал К. К. Рокоссовский (ол кезде генерал лейтенант) мені полк командирі етіп тағайындады. Бұрын батальон командирі болатынмын. Жасым отызда. Партияға мүше емеспін. Әскери атағым – аға лейтенант. Полкті басқару оңай ма, генерал-лейтенанттың мұндай жауапты жұмысты сеніп тапсыруының мәнісі мынада екен: мен батальон командирі болған кезімде бес рет жау қоршауын бұзып шыққанмын. Соны генерал Иван Васильевич Панфилов көзі тірісінде Рокоссовскийге жеткізген көрінеді. Бір қызық жері, полк штабының бастығы подполковник, ал мен болсам, тек аға лейтенантпын. Батальон командирлерінің бәрі де шетінен майор. Дегенмен, бұйрықтың аты бұйрық, оны бұлжытпай орындау керек.

Трусово деревнясындағы штабқа полкті қабылдауға келгеніме бір сағат болмай жатып, фашистер тұтқиылдан шабуыл жасады. Гитлершілдердің күші мол. Қарсыласудың қажеті жоқ екенін сездім де, шегінуге бұйрық бердім. Ал шегіну үшін тосқауыл керек.

– Комиссар, сіздің қарамағыңызға бір рота қалдырамын. Мен полкті алып шығуым керек. Сіз тосқауыл боласыз, – дедім.

Комиссар Петр Васильевич Логвиненко:

– Түсінікті, командир жолдас, – деді маған.

Жасыратыны жоқ, біз ығысып бара жатырмыз. Сертіне берік комиссар бұл ротаман сіресіп тұрып алып, тегеуірінді тосқауыл жасады. Немістерді алға жылжытпады. Соколово дейтін селоға жеттік. Сонда қорғаныс ұйымдастырып, есімізді жинадық. Логвиненко ротаның аман қалған жауынгерлерімен ізімізден қуып жетті. Күштің аты – күш. Жау тықсырып келеді... Біз де қасарыса қарсыласып алдық. Полкімізде зеңбірек алтау. Бәрін де алғы шепке қойғанбыз. Немістердің танкі сегіз. Зеңбіректер зіркілдей бастады. Фашистердің танкілерінде де зеңбіректер бар. Бес зеңбірегіміз істен шықты. Бір ғана зеңбірек қалды. Шыдай алмай, соның қасына жүгіріп бардым. Сөйтсем, командирі енгезердей қап-қара қырғыз жігіт екен. Атағы – старшина.

– Ат! – деп айқай салдым.

– Атып жатырмыз, командир жолдас! – деді ол.

Әлгі қырғыз жігіт Сатыбалды Тоқтағұлов, бір сәтте-ақ бес танкіні жайпап салды. Қалған үш танк кейін қарай бұрылды...

Отызыншы ноябрь күні Крюковоға қарай шегіндік. Ол астанадан отыз-ақ километр жерде. Крюковода алты күн шайқастық. Деревняны біресе немістер тартып алды, біресе біз тартып аламыз... Ақыры немістер бізді қуып шықты. Ес жинап, өлденіп алған соң қайтадан шабуылға шықтық. “Отан үшін!” деп айқайлап, ұран салып бара жатырмыз. Мен де алдыңғы шепте жүгіріп келемін. Немістердің бірнеше минометі бізге оқ жаудырды. Сол кезде минаның жарғышағы ал-

дымда жүгіріп бара жатқан жауынгердің қолына тиіп, білезіктігінен қиып түсіпті. Жанағы жауынгер енді екі-ақ елі теріге ілініп тұрған қолын жұлып алып, көзімше қарға лақтырып жіберді. Мұны көргенде есімнен танып қала жаздадым...

Ол мылтығынан оқ атып, алға жүгірді. Соғыс заңы бойынша ауыр жараланған кісі шетке шығып, тұрып қалу керек. Бірақ ол өйтпеді, қайта тістене ызаланып алға жүгіре берді. Таң қалдым. Қуып жетіп, бетіне қарасам, өлгі жауынгерім – баяғы старшина Тоқтағұлов Сатыбалды...

“О, сабаз, нағыз абзал азамат екенсің, елің үшін еңреп туған ер екенсің”, – дедім ішімнен.

...Осы күні “Социалистік Қазақстан” газетінің редакциясына кіре берісте мөрмөр тақта тұр. Редакциядан соғысқа аттанып, ерлікпен қаза тапқандардың есімдері сол тақтада жазылған. Редакцияға жолым түскен сайын сол тақта алдында біраз басымды иіп тұрамын. Неше түрлі ойлар келеді. Сұрапыл соғыстан осылар сияқты қайтпай қалуым да мүмкін еді-ау. Оқ адамды таңдап тимейді ғой. Не бір боздақтардан айырды бұл соғыс. Мына тізімдегілердің көбін біле бермеймін. Бірақ өзім білетін бір адам осы тізімнің жуан ортасында тұр. Ол – Мұхамбетқұл Исләмкұлов.

Ол менен он жас үлкен еді. Тірі болса, биыл жетпіске шығады екен. Тірі болса, “Мұқа, Мұқа” деп, мерекесімен құттықтап, қаумалап отырар едік. Иә, тірі болса деген тілекке жете алмағандар қаншама...

Мұхамбетқұл ұзын бойлы, маңдайы кереқарыс, көзі алақандай, қыр мұрын, қалың қасы ұшуға ынғайланған қыранның қанатындай, сұлу жігіт еді. Мен оны бірінші рет 1936 жылы

көргенмін. Содан кейін майданға бірге аттандық. Марқұм генерал Панфилов – дивизия командирі. Сабырлы, ақылды кісі еді. Панфилов бастаған қазақстандықтар дивизиясы Москва түбінде астанаға анталаған неміс күшінің нақ ортан беліне қарсы тұрды. Жау осы дивизияға ерекше шүйлікті, шепті бұзып өтпек болды. Осы тұста Мұхамбетқұл батальон штабының бастығы (ол кезде батальонда 750 адам бар) бола жүріп, талай қиын – қыстау шақта қайрат көрсетіп еді.

Жоғарыда өз батальоныммен жаудың шебін бес рет бұзып шыққанымды айттым ғой. Осыған орай бір кездесуде Мұхамбетқұл маған былай деді:

– Ей, Бауыржан, есінде бар ма? Мен саған бір кезде өте қатал екенсің дегенмін. Сонда сен маған “Мұқа, мені жұмсартып қайда жұмсамақсыз”, – деп жауап бергенсің. Жығылдым. Ішімнен “сөз тапқанға қолға жоқ” деген осы ғой деп ойlandым. Сенің қаталдығыңды жақтырмаушы едім. Бірақ соғыста кейде қаталдық та керек екен. Соған қазір көзім жетті...

К. Рокоссовский мені полк командирі етіп тағайындаған күні көп толғанып, көп ойланып бағып батальонымды Мұхамбетқұл Исләмқұловқа апсырдым.

Бірнеше күнге, бірнеше түнге, бірнеше аптаға озылған қырғын ұрыста Исләмқұловтың батальоны алғы шепте, ең жауапты учаскелерде болды. Әсіресе жоғарыда аталған Соколово селосінде дұшпан бізді тықсырып, қоршай бастады.

Исләмқұловты шақырып алдым.

– Мұқа! Жағдайды көріп отырсыз ғой. Мен өлуге осы жерден аман алып шығуым керек, өлмей оңай емес, сол себепті сізді тосқауылға қал-

дыру қажет болып тұр. Бәрінен де осындай қысылшан шақта бізге керегі сіздің батылдығыңыз, тапқырлығыңыз.

– Түсіндім, Бәуке!

Полкті аман алып қалу үшін бір батальонды жаудың арандай ашылған аузына тығын болсын деп тастай салғанмен бірдей бұл. Бұған ердің ері ғана шыдауы мүмкін.

Сол шайқаста Исләмқұловтың батальоны жаумен табан тіресіп тұрып алды. Мен полкті қоршаудан шығарып жаңа қауіпсіз шепке алып келдім. Екі күннен кейін Исләмқұлов бізді соңымыздан қуып жетті...

Крюково деревнясындағы кескеліскен ұрыс толассыз бір аптаға созылды. Деревняны біресе біз, біресе немістер алады. 5 декабрьде мен жараланып қалдым. Дәрігердің госпитальға жат дегеніне көнбей, командалық пунктке жаттым. Өйткені немістер астанаға жақындап қалған...

Тарихтың тағдырын шешкен осынау тар жол, тайғақ кешуде соғысқа миллиондаған солдаттар мен офицерлер қатысты. Олар керемет ерлік көрсетті. Әрине, оның бәрін айтып бітіру мүмкін емес. Мен бұл жерде майдандағы ерлік шежіресінен көзіммен көрген екі оқиғаны баяндап отырмын. Ал осының өзі сонау сын сағатта аса қауіпті жау – фашизмге күйрете соққы беріп, бүкіл адам баласын апаттан аман алып қалған совет солдаттарының тегеурінді тұлғасын, әр мінезін көз алдына келтірмей ме?

Бір сәт ойланар болсақ, совет халының аса зор алапат соғысты жеңіспен аяқтау, күллі Европаны лезде-ақ күл-талқан етіп, табанымен таптап, езіп-жаңшып келе жатқан жалмауыз жауды қайтып тұрмастай етіп өлтіре соғуы шынында да қайран қаларлығы фашистер: “Алдымен

Россияны, одан соң бүкіл дүние жүзін жаулап аламыз!” – деп көкіген еді. Реакционерлердің көбісі бұған есіре қуанып, олардың қолтығына су бүрікті, біреулері қорыққанынан-ақ қолпаштай берді.

Совет Армиясы, өсіресе Москва түбінде, ауыр күндерді басынан кешірді. Сол бір қысылшан кезде біздің елде күндіз күлкі, түнде ұйқы болған жоқ. Отан үшін жанын аямаған талай абзал азаматты өз көзімен көрдім. Қазақстанда құрылған данқты Панфилов дивизиясы жауынгерлерінің тарихи ерлігі міне осы тұста айқын көрінді. Панфиловшыл саяси жетекші Василий Клочковтың “Россия кең-байтақ, бірақ шегінер жер жоқ, артымызда – Москва!” деген жүрек тебіренер сөздері астананы қорғаушылардың ұранына айналып кеткені мәлім. алғашында арындап келе жатқан жаудың қарқынын осылай бастық. Содан кейін “ұру олай болмайды, былай болады” деп фашистердің зөресін ұшыра шабуылға шықтық. Гитлердің бақайшағына дейін қаруланған күшті армиясының быт-шытын шығарып қудық. Отанымызды азат еттік, фашизмнің табанында тапталған Европа халықтарын қанды шенгелден құтқарып қалдық.

Рейхстагқа қызыл жалау тіккен қазақ Рахымжан Қошқарбаев пен орыс Григорий Булатов және басқа жауынгерлер совет солдатаның ерен ерлігінің символындай тарихтың төрінен мөңгі орын алды. Мен архивтерден олардың таңғажайып ерлігін бейнелейтін 32 документ таптым. Совет халқы Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігін қорғап қалған, қасиетті жерімізді озбыр қарақшылардан тазартқан өзінің осындай қаһарман ұлдары мен қыздарын әрқашан ардақ тұтады, олардың ерлік дәстүрін келер ұрпаққа үлгі етеді.



Жеңіс Совет халқына онайға түскен жоқ. Ке-  
шегі сұрапыл соғыста біздің ел жиырма миллион  
адамынан айырылды. “Соғыс шығындары төрт  
триллион сомға жетті, – деп жазады Совет Ар-  
миясы бас штабының бастығы, Совет Одағының  
Маршалы М. В. Захаров “Достарымыз бен дұш-  
пандарымыздың көзімен” деген кітабында, – со-  
ғыс адамзат ғасырлар бойы жасаған материал-  
дық байлықты құртып жіберді. Тек Совет Одағы-  
ның территориясында 1710 қала ойрандалды.  
70 мың село мен деревня өртелді, 32 мың кәсіп-  
орын қиратылды, 98 мың колхоз бен 1876 совхоз  
тонауға түсті”. Осы кітапта айтылғандай, фа-  
шистер біздің елге бес миллион бес жүз мың сол-  
даты мен офицерін төккен.

Иә, өрт-жалыны жер жаһанды шарпып, бү-  
кіл дүниені дүрліктірген сұрапыл соғыс совет  
халқы үшін үлкен сын, асқан ерлік мектебі бол-  
ғаны рас. Қан майданда халықтың жалын атқан  
жігері, қайтпас қайраты, талмас табандылығы,  
интерноцианалдық сезімі, асқақ патриотизмі ай-  
қын айшығымен көрінді. Халықтар достығы өзі-  
нің мызғымас мықтылығын, біртұтас бірлігін  
әлемге паш етті. Замандастарымыздың заңғар  
биік тұлғасын, ішкі жан дүниесінің сұлулығын,  
айдын шалқар байлығын, орасан зор оптимизмін  
өз көзімізбен көрдік. Талай сыннан сүрінбей өт-  
кен, мерейі үстем Совет Армиясының кешегі со-  
ғыстағы естен кетпес бір ерекшелігі – жауын-  
герлердің жаппай қаһармандық көрсетуі.

Совет Армиясы – халықтар достығының ар-  
миясы, пролетарлық интерноцианализмнің армия-  
сы. Оның қатарында шынайы достық пен бауыр-  
мал туысқандықтың орасан зор жауынгерлік  
одағына кірген еліміздегі барлық ұлттың өкіл-  
дері, бүкіл жұмысшы табы мен күллі шаруа-

лардың ең таңдаулы адамдары топтастырылған. Олардың сұрапыл соғыста туысқандық туын жоғары ұстап, бұрын-соңды болмаған қаһармандық тамаша батырлық көрсету, құлақ естіп, көз көрмеген азапқа төзуі, жеңіс үшін, Отан үшін өздерін құрбан етуі – осынау ынтымақ бірліктің, қасиетті де қастерлі достықтың керемет көрінісі. Бұған мысалды алыстан іздемей-ақ, өзіміздің панфиловшылдар дивизиясында 36 ұлттың өкілдері болғанын айтсақ та жеткілікті.

Қазақ халқының ұл-қыздары да дұшпанға кек жіберген жоқ... Ғажап ерлік көрсеткен Төлеген Тоқтаров, Александр Матросовтан 13 күн бұрын жау дзотының амбразурасын өз денесімен жапқан Боран Нысанбаев, Николай Гастеллоның ерлігін қайталап, жанып бара жатқан самолеттің жау танкілеріне қарай шүйілтіп, өлімге басын тіккен қырдың қыраны Нұркен Өбдіров, қасарысқан жерінен қан алатын хас батырлар Сұлтан Баймағамбетов, Ақөділ Сұханбаев, Жұмаш Қарақұлов, ұлдан бетер қайсар туған қазақ қыздары, советтік шығыс әйелдерінің ішінен тұңғыш рет Совет Одағының Батыры атағын алған Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова...

Ерлік шежіресіне өшпес үлес қосқан ел намысы дегенде етігімен су кешіп, белдескеннің белін үзген, жалын жүректі қазақтардың қаһармандығын айтып жеткізу қиын. Туған халқының туын көтерген не бір батырлардың арпалыс шебінде азулы жауға қарсы айқасқа кіріп, тістескеннің тісін сындырып, зәресін зөр түбіне жібергенін көзімен көріп, солардың сапында бірге болғанымды мақтаныш етемін...

Мен Отан соғысының отында, аласапыран алапатында шындалған ұрпақтың өкілімін. Менен ақылды, менен батыр талай азамат жойқын

жорықта қыршын кетті. Солар ойыма түссе, көзіме жас аламын да, болашағы жарқын жас ұрпақтың бетіне қарап, көңілімді басамын. Сөйтіп, әлемде өлі дау-жанжал басыла қоймаған дәуірде қазақ карттарының ежелгі салты бойынша (енді мен де алпыстағы ақсақал болдым ғой) жас ұрпақтарға: “Біз бар күш-жігерімізді қарыштай жұмсап, жауды жеңіп шықтық, Отан алдындағы борышымызды абыроймен өтедік, сендер де өке жолын қуып, халқымыздың революциялық, жауынгерлік және еңбек дәстүрлерін жалғастыра беріңдер. Ата-бабаларыңның аруағын сыйлап, абыройын көтеріңдер!” – деген ақ тілегімді айтқым келеді”.

*Майдангер жазушы Дмитрий Снегин “От жалында сыналған достық” деген естелігінде (Қазақстан коммунисті №5, 1970) былай деп жазады:*

“Достық! Қандай қасиетті, құдіретті сезім бұл! Мен оны жас кезімде-ақ қазақ, орыс шаруаларының бірлесе еткен еңбегінен байқағанмын. Олар қосылып шырқаған “Қара торғай”, “Ақ Еділ бойын жағалай” өндерімен туысқандық, бірлестік сезімі шалқып тұрғандай сезілетін. Студенттік жылдарым да маған жастық жарастығымен, айнымас ынтымақтастығымен қымбат. Осы туысқандық достық Ұлы Отан соғысының от-жалынында шындалып, сыннан өткені хақ.

Өткен соғыста менің даңқты Панфилов дивизиясында жауынгерлік борышымды өтеуіме тура келді. Дивизияның құрамындағы қазақтар мен орыстар, украиндар мен қырғыздар, өзбектер мен чуваштар, ұйғырлар мен башқұрттар, белорустар мен татарлар, басқа да халықтардың өкілдері ортақ жауға қарсы қоян-қолтық ұрыс салғанын өз көзіммен көрдім. Олар ұрыс даласында асқан қаһармандақ көрсетті. Олардың әр-

қайсысының ерлігі жеке кітап арқауы болуға тұрарлық.

Олардың бірсыпырасы жайында ондай кітаптар жазылды да.

Бұл күнде 28 гвардияшы-панфиловшылардың, Совет Одағының Батырлары Мәлік Ғабдуллиннің, Иван Курганскийдің, Төлеген Тоқтаровтың, Леонтий Шапшаевтың, сондай-ақ гвардия полковниктері Капров пен Курганов, полк комиссарлары Мұхамедьяров пен Скоробогат-Ляховский сияқты басқа да көптеген даңқты панфиловшылардың ерлігі тек біздің елімізде ғана емес, бүкіл дүние жүзіне әйгілі. Гвардия полковнигі, жазушы Бауыржан Момышұлы өзінің әскери тапқырлық өнері, жеке басының қаймықпас қайсарлығы арқылы ерлік даңққа, халқымыздың зор сүйіспеншілігіне бөленіп отыр.

Кейбір жайсаң ардагерлер жайында да айта кеткім келеді.

Капров басқарған атақты 28 батыр шыққан 23-ші атқыштар полкінің комсомол жетекшісі Балтабек Жетпісбаев бүгінгідей көз алдымда. Ұзын бойлы, ер тұлғалы, сұлу жігіт ешбір ұрыстан да тайынбайтын, өжет болатын. Қай жерде қиын болып жатса, Балтабекті көбінесе сол жерден көретінбіз. Солдаттар оны жақсы көргендіктен “Біздің батальонның Балтабегі”, “Біздің гвардия Балтабек” деп атап кеткенді. Балтабекпен жорықта да, ұрыста да бірге болуды әркім-ақ өзіне сүйеу көретін, өйткені ол батыл да ақжарқын, қайырымды да сергек жан болатын.

Бір күні Волоколамск үшін шайқас мейлінше қызып жатқан кезде Балтабек Жетпісбаев қалың шөп өскен сай ішінде жасырынып жүрген жадап-жүдеген балаға кез болады.

– Атың кім? Қайдан жүрсін? – деп сұрайды одан Балтабек. Бала жағдайын айтады:

– Осы жердің баласымын. Селомызды фашистер өртеп жіберді, жұрттың бәрі қашып кетті, мен ата-анамды таба алмай қалдым. Аты- жөнім Вячеслав Михайлович Царьков.

– Демек, Слава болдың ғой.

Олар осылай танысқан. Славка полк баласы атанды. Бірақ оның шын мәнісіндегі әкесі де, ұстазы да Балтабек Жетпісбаев болатын. Ол балаға қамқорлық жасап, бірте-бірте оны ұрыс өнеріне де баули бастады. Славка зерек, алғыр бала екен, енді ол қолына қару алып, ұрысқа шыққанша асықты, өйткені оның жаралы жаны фашистерге деген ыза-кекке толы еді. Балтабектің басшылығымен Царьков тамаша барлаушы болып шықты. Ол талай рет жау тылына өтіп, құнды мөлiметтер, тіпті “тіл” алып қайтып та жүрді.

Вячеслав Царьковқа лейтенант атағы берілді, ол барлаушылар взводының командирі болды, омырауында ордендер мен медальдар ерлік белгісіндей жарқырады. Алайда соғыста жақын адамдардың да бір-бірінен жиі айырылысып қала беретіні сияқты, соғыс дүрбелені Славканы да өз тәрбиешісі Балтабек Жетпісбаевтан айырып жіберді. Бірақ олар бір-бірін ұмытқан жоқ-тын. Арада көп жыл өткен соң Балтабек баяғы полк баласы Славканың адресін тауып алып, оған хат жазып жіберді. Славка іле-шала жауап қатты. Қазір міне сол хат менің алдымда жатыр, оны тебіренбей оқу мүмкін емес. Осы арада Славка мен Балтабектің рұқсатымен сол хаттан қысқаша үзінді келтіре кетейін:

“Сәлематсыз ба, аса құрметті ұстазым, майдандас досым! Мен сізге деген ілтипат сезімді білдіре алатындай сөз таба алмай, қиналып отырған жайым бар. Мен сіздің хатыңызды оқи оты-

рып, сонау өткен майдан жолдарын еріксіз еске алдым. Жарылған бомба мен снарядтың гүрлініп, атылған оқтың шыңылын, жаралылардың ыңырсыған үнін қайтадан естігендей болдым. Сіздің хатыңызды оқып отырып (мен оны сан рет оқып шықтым, оны өмірімнің ақырғы күніне дейін қастерлеп сақтаймың да) тебіренгенім соншалық, тіпті көзіме жас та алдым. Сіз маған баяғыша еркелетіп Славка деп жазыпсыз... Мен сіздің жақсылығыңыз үшін өзімнің қуаныш пен алғыс сезімімді сізге қалай білдірерімді біле алмай отырмын. Осы жансыз қағаз арқылы сізге түйіп айтарым: көп-көп рахмет!"

Бұрынғы полк баласы, орыс жігіт Славка Царьковтың қазақ досына, бір кезде әкесіндей болған ұстазына жолдаған хатынан совет адамдарының достық деп аталатын қасиетті де ұлы сезімін айқын аңғару қиын емес. Осы достықтың майданда, ұрыс даласында жауынгерлерді ересен ерлікке жігерлендіргені ләзім.

Бұл 1944 жылдың жазында, туысқан латыш жерін неміс фашистерінен азат ету кезінде болған еді. Гвардия бөлімдері үсті-үстіне соққы беріп, жауды өкшелей қуып бара жатты. Кенет олар өзенге тап болды. Гитлершілдер шегінерде өткелді бұзып кеткен екен, бірақ өлі арғы бетте қорғаныс шебін жасап үлгермеген. Егер іле-шала, үсті-үстіне соққыны төндірмесе, жаудың мықтап бекініп алуы, ал кейін өзеннен өту үшін талай солдат офицерлердің өмірін құрбан етуге тура келетіні айдан анық еді. Жұрттың бәрі не істерін білмей, бейнебір жау авиациясының шабуылын күткендей, іштей тына қалған. Кенет саяси жетекші Андрей Логвиненко суырылып алға шықты. Ол ешнәрсе айтқан жоқ, "Алға!" деп ұран тастаған да жоқ, ол тура өзенге қа-

рап жүрді де, кеңірдектен су кешіп, арғы бетке беттеді.

Бір сәт құлаққа ұрған танадай тым-тырыс бола қалды. Содан кейін гвардияшылар “ура-лай” айғайлап, өзенге қарай лап қойды. Енді бір сәтте олар саяси жетекшімен бірге өзеннің арғы бетінде сұрапыл сойқан салып, есі шыққан гитлершілдерді тықсыра жөнелді. Әрине саяси жетекшінің бұл батыл шешімі де нағыз ерлік еді, Бірақ оны бірден табан астында ешкім нағыз ерлік деп бағалай қойған жоқ. Ал шындығында саяси жетекшінің батыл шешімі арқасында ондаған адам өлімнен аман қалды.

Иә, ұрыста жолдасының өмірін аман сақтап қалу да ерлік, нағыз шынайы достықтың белгісі бұл. Бірақ бұл әркімнің қолынан келе беретін емес. Осы ретте дивизияның саяси бөлімінің нұсқаушысы Евгений Ивановтың бір ерлік ісі еске түседі. Ол ондаған гвардияшыларды өлімнен құтқарып қалды, бірақ өзі ерлікпен қаза тапты.

Мынадай бір оқиға әлі есімде, атқыштар ротасына, лейтенант Мақатаев бастаған артиллерияшылар батареясына позицияны ауыстыру туралы жазба түрде жарлық келіп жеткенше, қайткен күнде де тұрған жерден табан аудармау тапсырылды. Ұрыс біз үшін аса қолайсыз болып шықты, бір топ батыр гвардияшылар қоршауда қалды. Олар бұйрықты орындай отырып, қасық қаны қалғанша ұрыс салуға бекінді.

Оларға бұйрықты алып баруға Евгений Иванов жіберілді. Қараңғы түсе ол жау позициясына өтті де, екі автоматтан бірдей, орын ауыстыра жүріп, оқ жаудыра бастады. Сырттан қосымша күш келіп қалған екен деп ойлаған жаудың зөре-құты қашты. Осы кезде Иванов қоршауда қалған жолдастарына жетті де, оларды бастап, қоршаудан алып шықты”...

*Панфиловшы майдангер Константин Федюков "Олар әрқашан алаы шепте болды" деген естелігінде (Қазақстан ком.мунисі" №2, 1977) былайша сыр шертеді:*

"... Бірде Ұлы Отан соғысының ардагері, генерал Панфиловтың серіктерінің бірі, майдандас досым Ахметжан Латыпұлы Мұхамедьяровтан хат алдым. Ол хатында жауынгерлік данқтың жас ұрпақты тәрбиелеудегі ролі мен ықпалы жайында айтқан. Бұл хат отыз жылдан астам уақыт өтсе де көкірегімде өлі сайрап тұрған сұрапыл соғыс жылдарындағы қаһарлы күндерді, ханды көйлек достарымды есіме түсірді...

... Мен студенттермен бірге Ладога көлінің жағасында тұрмын. Батыр қала қоршауда қалғанда осы көлдің үстімен тартылған жалғыз мұз жолы ғана оған тіршілік нәрін беріп тұрды. Каланы қорғаушылардың ғажайып ерлігінің куәсі ретінде осы өмір жолының бойында орнатылған ескерткіштің жанында біздің өңгімеміздің өзегі өткен соғыс жайына қарай ойысты.

Майдан жолдары мені талай адамдармен кездестірді, ал солардың әрқайсысы, генерал болсын, қатардағы жауынгер болсын. Отан алдындағы өз борышын терең түсінетін ержүрек адамдар еді.

Соғыстан кейін көп жыл өткен соң мен Панфилов Дивизиясының Новгород жеріндегі жоқ жолын жаяу аралап өткен едім. Сонда Сушки деревнясында әдейі кідіріп, аялдадым. Мені өлкітестерім, Рашит Жанғозин бастаған қазақандық жауынгерлердің ерлігінің куәсі болған жер осы ара.

...1942 жылы 19 февральда таңсәріде олар деревняның шетіндегі бір үйге басып кіріп, сонда жінді де, немістердің қорғанысына хауіп төнді-



реді. Жау амалсыз өзінің барлық күшін солай қарай аударып, үйді оқ пен оттың астына алады. Әлсін-әлсін олар біздің жауынгерлер бекінген шепке өршелене шабуыл жасайды. Жанғозин мен оның жауынгерлері осы таңда жүз қаралы фашисті жер жастандырып, оларды бір қадам да ілгері бастырмады. Ең бастысы, олар жаудың күшін аландатып, біздің басқа бөлімдеріміздің Батысқа қарай ілгері басуын онайлатты. Рашит бастаған он үш жауынгер сол шайқаста қаза тапты. Менің мұнда келуімнің сыры да бар еді. Мен осы бір отаншылдықтың асқан өнегесін көрсеткен жауынгерлердің теңдесі жоқ ерен ерлігін мәңгі есте қалдыру шарасын жасауды өтініп, СССР Қарулы Күштерінің Бас штабына хат жаздым.

Келесі жылы күзде Сутоки деревнясы үшін болған шайқаста қаза тапқандардың мүрдесі Холм қаласының түбіндегі Локино тасжолының маңына көшіріліп, сол арада ерлерге еңселі ескерткіш қойылды. Мен жастарға сол ескерткіштің фотосуретін көрсеттім. Сондай-ақ ерекше ықыласпен тыңдап отырған жастарға капитан Манаенконың, капитан Гундиловичтің, атақты Төлеген Тоқтаровтың ерлігі туралы да баяндап бердім.

Бұдан кейін жастарға айбында да адуынды батыр Бауыржан Момышұлы туралы баяндадым...

...Біз ауыр да ұзақ жорыққа, жаумен алапат айқасқа аттанғалы жатқанбыз. Алыс сапар алдында полк қалың орман арасындағы алақандай ашық алаңда сап түзеген. Төңірекке таң алдындағы қалың тұман үйездеп, құлаққа ұрған танадай тыныштық орнаған. Қара шекпен жамылған

Полковник қар басқан кішкене төмпешіктің үстіне шығып, қысқаша сөз сөйледі. Даусы саңқалақ етеді, өрі мөңді, өрі өктем.

– Майдандағы жауынгерлердей ешкім де ауырған мен қасіретті азапты бастан кешірмейді, – дейді Бауыржан. – Бірақ дәл майдандағы жауынгерлердей ешбір жан ұшпаққа көтерерлік жеңіс қанашын сезіне де білмейді. Ал мұның өзі оны елесті ерлік істерге жігерлендіреді...

Бауыржандай сөзіне ісі сай даңқты командирдің сөзі ғана осылайша бойынды билеп, жүрегінді баурамақ! Мен өзіме қарасты пулеметшілер ротасының оң қанатында тұрып, осынау полк командиріне сүйсіне қараймын. Оның сұсты да ашаң жүзінен, сымбатты да сұнғақты тұлғасынан қажыр-қайраттың, батырлық пен батылдықтың лебі ескендей...

Соғыстан кейін ол ер қаруын қаламға алмастырып, атақ-даңқына лайық абыройлы жазушы болды. Мен өз пікірімді Отан соғысы кезіндегі даңқты партизан қозғалысы басшыларының бірі, белгілі жазушы Петр Вершигораның сөзімен аяқтадым: “Біз Бауыржан Момышұлының ерлік істеріне әбден қанықпыз. Оның жазушы болуы – екінші ерлігі. Менің пікірімше, бұл екі ерлік, тең түсіп жатыр” деген-ді ол.

Екінші бір панфиловшы жауынгер – Дмитрий Снегин. Мен оны көптен білемін. Қатар өскен тең құрбы. Москва түбіндегі ұрыстарда 76 миллиметрлік зеңбіректер батареясының командирі болған ол талай мәрте ерлігімен көзге түсті. 1941 жылдың октябрінен бастап артиллерия дивизионының командирі болды. Ал жау тылына жасалған “қарлы жорықтың” тұсында алғыр, әрі дарынды артиллерист екенін танытты. Кейін-

нен артиллерия полкінің командирі болған ол соғыстан соң екі әскери повесть жазды...

...Ахметжан Латыпұлының хатын қайталап оқыдым. Еңбекшілерге, әсіресе жастарға майдангерлердің ұрыс даласындағы, өндіріс орнындағы ерлігі туралы айтып беру біздің парызымыз деп жазыпты ол. Иә, солдат даңқы – бұл біздің рухани байлығымыз. бұл – адамгершілік, патриоттық тәрбие берудің сарқылмас қайнары. Демек біз көзіміздің тірісінде кейінгі жастарға Отан үшін шыбын жанды шүберекке түйіп, ерлікпен шайқасқандар туралы қажымай-талмай айтып беруге тиіспіз...”

*Запастағы гвардия капитаны, панфиловшы А. Трефилов “Мұқалмаған жәгер” деген естелігінде (‘Қазақстан коммунисті’, 1983) 1941 жылғы 16 ноябрьде болған бір ұрыстың барысы мен нәтижесін баяндаған...*

“Талғар полкі Волоколамск қаласы үшін ұрыс жүргізіп жатқан кез еді. Түн ішінде батарея комиссары Алексей Калашников пен батарея командирінің орынбасары Жанәбіл Бейсәлиев ертеңгі ұрысқа әзірлену жайын егжей-тегжейлі өңгіме етті. Өйткені фашистердің тағы да шабуылға шығатыны, бұл ұрыстың өте ауыр болатыны аян еді.

Шынында таң қылаң бергенде жаудың танктері біздің батареяға лап қойды. Дәл осы сәтте кіші лейтенант Бейсәлиев: “Зенбіректерді жауға қарсы кезендер!” деп бұйрық берді. Батарея комиссары бастаған жауынгерлер зенбіректерінен және винтовкаларынан төтелеп атып, бірнеше фашисті жер жастандырды. Нақ сол кезде фашистердің бір танкі өкпе тұстан біздің батареяға жақындап келген еді. Жанәбілдің бұйрығы бойын-

— Жауынгерлер біздің бір зенбіректі жаудың  
аяғына қарсы бұрып, сауытты машинаны екі  
жарядпен қиратып, бүк түсірді. Біздің жауын-  
герлердің көздеп атқан оғынан көп шығынға  
ұшыраған жау солдаттары кейін шегінді. Лезде  
айнала-төңірек тым-тырыс бола қалды. Бұдан  
қатты күдіктенген Бейсәлиев тез арада жаудың  
қалай қарай ойысқанын аңдыды. Фашистердің  
танктері мен жаяу әскерлері біздің батареяның  
сыртынан орағатып өтіп, Ядрево деревнясының  
маңындағы орманда орналасқан полк штабына  
қенеттен шабуыл жасапты. Штаб офицерлері,  
саперлер, барлаушылар, телефонистер, комен-  
данттық взвод жауынгерлері иектеп келген дұш-  
панмен кескілескен ұрыс жүргізеді. Жанәбіл  
Бейсәлиев бастаған бір топ жауынгер бұларға  
көмекке келіп жетеді. Осы ұрыста полк штабы-  
ның бастығы Семен Харитонович Сорокин қат-  
ты жараланған екен, командирлік тізгінін өз қо-  
лына алған Бейсәлиев жаралыларды қауіпсіз  
жерге орналастырып, өзі штаб адамдарының,  
тіпті санитарлар мен дәрігерлердің де ерен ерлік  
көрсетуі арқылы жауға мықтап тойтарыс бер-  
еді...

Кіші лейтенант Жанәбіл Бейсәлиев бұдан кейін  
де талай шайқасты бастан кешірді. Фашистерге  
қарсы жүргізілген келесі бір кескілескен ұрыста  
Бейсәлиев бастаған жауынгерлер (бұл жолы ол  
батарея командирі болатын) жаудың екі танкін  
қиратып, ондаған солдатын мүрдем кетірді.

— Жанәбіл, өткен ұрыста жаудың екі танкін  
жайратқан сендерсіңдер ме? — деп сұрады полк  
командирі Бауыржан Момышұлы.

— Дәл солай, полк командирі жолдас!” — деп  
жауап қайырды Бейсәлиев.

– Жарайсындар, қырандарым! Фашистерді бұдан былай да осылайша соға беріндер! – деп тапсырды полк командирі...

Москва түбіндегі шайқаста және 1942 жылдың бас кезіндегі шабуыл ұрыстарында Бейсәлиевтің батареясы жаудың тағы да бірталай танкін қатардан шығарып, көптеген солдатын қырды. Сөйтіп, Россияның ескілікті қаласы Холмға дейін жеңісті жорық жолын жасады...”.

## МАЗМҰНЫ

ГВАРДИЯ ГЕНЕРАЛЫ .....	3
ЖАЛЫНДЫ ПАТРИОТ, ДАРЫНДЫ ҚОЛБАСПЫ .....	21
БІЗДІҢ КОМИССАР .....	41
ӨШПЕС ДАҢҚҚА БӨЛЕНГЕН СНАЙПЕРЛЕР .....	52
ГВАРДИЯШЫЛАР ӨЗДЕРІНІҢ ҚАРУЛАС ДОСТАРЫ ТУРАЛЫ .....	64

**Құрманбек САҒЫНДЫҚОВ**

**ХАС БАТЫР БЕЙНЕСІ**

Суретшісі *Н. Нұрмұхамбетов*  
Техникалық редакторы *А. Арестова*  
Компьютерде беттеген *Қ. Оразбек*

**ИБ № 5815**

Басуға қол қойылды 30.10.2000 ж. Пішімі 70x90<sup>1/2</sup>  
Қағазы офсеттік. Гарнитурасы "Мектептік".  
Шартты баспа табағы 3,5. Есепке алынатын  
баспа табағы 3,5. Таралымы 1000 дана.  
Ташсырыс № 4038.

**ЖШС "Қазақстан" баспа үйі"**  
Серіктестік куәлігі № 23081-1910-ЖШС

480009, Алматы қаласы,  
Абай д-лы, 143. оф. 301.

Берілген диапозитивтер сапасына толық сәйкес  
"Дәуір" ЖАҚ "Кітап" өндірістік бірлестігінде  
басылды

480009, Алматы қаласы,  
Гагарин даңғылы, 93.

503



### Автор хақында

Құрманбек САҒЫНДЫҚОВ (1910-1988)  
қазақ журналистикасының ірі өкілі,  
баспасөз ісін ұйымдастырушы,  
филолог - ғалым, Қазақстан  
республикасының еңбек сіңірген мәдениет  
қызметкері. Екінші жиһан соғысының  
алдында білім беру және кәсіподақ,  
кітап шығару, радиохабар саласында  
жұмыс істеді, соғыс кезінде әскери  
газеттердің редакторы болды.

“Оңтүстік Қазақстан”- “Южный Казахстан”  
өлкелік газетінің, “Қазақстан коммунисті”  
журналының бас редакторы  
қызметтерін атқарды.

Орыс әдебиеті классиктерінің шығармаларын,  
А. Бектің атақты “Арпалысын”  
қазақ тілінде сөйлетті.